

Жастарды жігерлендіретін жоба
2-бет



Шамшырақ
3-6-бет



Тағы бір футбол лигасы құрылды
8-бет



ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
ҚАРАФАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОФАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz БЕЙСЕНБІ, 22 АҚПАН, 2024 ЖЫЛ №22 (23 344) www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

ИННОВАЦИЯ

Электромобильдің ертеңі

Қазақстанның сан тарам жолдарында құбырынан түтін шықпайтын ерекше стилді «тым-тырыс» электромобиль күн өткен сайын көзімізге жиірек ұшырасатын болып жүр. Өздері қазір қолжетімді бола қоймағанымен, біздегі ауа райының көпе-көрінуі еркілігіне де төзімді шындықты келетіндей. Әйтпесе, көзге тек экраннан ғана шалынар еді ғой. Кейінгі жылдар мұғдарында сұраныстың күрт артуынан ба екен, ел аймақтарының біразында сыммен қуат алатын көліктердің ресми дистрибьюторлары да пайда бола бастапты. Әлбетте, «келер күннен жақын жоқ». Таяу арада мұндай электрокарларының қарасы көбейіп жатса, таңырқамансыз, қымбатты оқырман...

Ерқанат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атамекендегі алғашқы электрокар

Қош. Сонымен. Байтақ даламызды қанша электр көлігі кезіп жүр? Білуімізше, алғашқы электромобиль Қазақстанда он бір жыл бұрын ресми тіркеліпті. Жаңа энергия көздеріне арналған аты машһур «ЭКС-ПО-2017» қарсаңында электромобиль атауына деген ерен құштарлық артпаса, кемімеді. Содан кейін, тағы бір «Tesla» Елордамыздың тақтайдай тузу жолында толассыз жауған жаңбырдан кейін әлемдік БАҚ беттеріне сенімді түрде «жүзіп» келген-тін. Әлгідегі бейнеролик Илон Масктың өзіне жеткенде, ол сабаз өз туындысын Нұх кемесімен шендестіріп, әдемі әзілдеген екен-міс.

Дәйек келтіре отырсақ, 2016 жылы Қазақстанда 725-ке тарта электр көлігі зуылдап жүрген болса, 2021 жылы жалпы саны 500-ді асыра алған. Бәзбіреулер мұны шыбынсыз жазға арналған қымбат «ойыншық» көрссе, енді біреулер оны ауқатты адамдардың гаражындағы нөмірі екінші көлік деген «тұжырымға» келген.

Алдыңғы жылдан бастап, электр көліктерінің жаңа «бумы» басталды. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми мәліметтеріне негіз артсақ, 2022 жылдың наурызынан 2023 жылдың наурызына дейін мұндай көліктер саны кенеттен үш есеге өскен. Шілінгір шілдеге қарай 631-ден 1,6 мыңға дейінгі бұл көрсеткіш 3,5 мың автомобильге дейін бірақ өскен. Электро-



Сурет шыққандары үшін

мобильдердің басым бөлігі Алматыға тиесілі – шамамен 64%. Екінші орында – Астана, үшінші орында – Алматы облысы.

Электромобильге беіім шаһар

2023 жылғы сол шілдеде Қазақстан Үкіметі 2029 жылға қарай республиканың барлық ірі қалаларында электрокарға арнаулы инфрақұрылым құру жөніндегі Жол картасын бекітті. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі электр көлігін пайдалануға көшуді ынталандыруға ниетті екен-

дігін мәлімдеді. Қазірдің өзінде электромобиль атаулы салық пен баждардың кейбір түрлерінен босатылды. Оларды күтіп ұстау және зарядтау ішкі жану қозғалтқышы бар көлікке қарағанда едәуір арзанырақ. Бүгінгі күні Астанада 51 ресми электр қуаттау станциясы, Алматыда – 52, сондай-ақ Павлодар, Ақтау қалаларында және «Астана-Щучинск» тасжолында бір зарядтау станциясы бар. Жақында осындай тағы бір электр станциясы «Алматы-Астана» тасжолында орнатылады.

Ал, ресми дистрибьюторлар өздерінің дилерлік желілерін электр қуаттау қондырғысын орнату үшін барынша пайдаланады. Мысалы, Hyundai

компаниясы Алматының барлық дилерлік орталықтарын жабықтап үлгерген. Жақында мұндай станциялар Астанада да пайда болады. Орташа зарядтау уақыты шамамен 90 минутты құрайды. Электромобильді зарядтаудың орташа құны – 2000 теңге.

Электр көлігі қысқа төзімді ме?

Мұндай машиналар иелерін

манғы автомобильдерде 20-30%-ға кемиді. Қысқы маусымға дайындық тәртібінің қарапайым көліктен еш айырмашылығы жоқ. Бұған қоса, батареяның жай-күйін бақылау ұсынылады. Өйткені, батарея – электромобильдің жүрегі. Ешбір жағдайда электромобильді албаты сүйреуге болмайды.

Қарағандыдағы бірінші электроавтобус

Кеншілер қаласында экологиялық бағыттағы қанатқақты жоба ретінде электрлі автобустың жолдағы қозғалысын бытыр «Хабар 24» арнасындағы әріптестеріміз сүйіншілеген еді. Тіпті, бас кезінде заманбап көлік жолаушыларды тегін тасымалдаған. Өндірісті аймақтарда мұндай көлік түрлері ауаны ластамайды. Экология демекші, «Орталықтын» 17 ақпандағы №20 санында Жан Амантайдың «Ескі көлік есептен шықпайды» атты мақаласында тозығы жеткен темір тұлпарлар легінің ауаға қаншалық зарар тигізетіні тәптіштеп жазылған еді. Ал, электр көлігі жоғарыдағы мәселенің тәуір шешімі деп қарастыруға тұрарлық. Манағы автобустың батарея заряды 280 шақырымға жетеді екен. Ал, салонға 30-ға дейін жолаушы сыяды. Автобус Саран зауытында эко-автокөлік түрінде құрастырылған көрінеді. Мұндай бір автобустың құны – 120 миллион теңге шамасында. Сынақ режиміндегі жоба енді уақытта жергілікті автопарктерден тапсырыс күтетінін хабарлаған. Автобус жүргізушісі Амангелді Ахметов өзін-өзі қуаттауға қауқарлы көліктің артықшылықтарын айтып, шығыны нөлге жуықтығын хабарлаған.

– Саран қаласын аралап шықтым. Автобусты толық қуаттап алсаңыз, бір апталық жүріске шұрк етпейсіз. Жүріске жайлы манмангер ме дерсіз, шіркін. Салон іші де тып-тыныш, – деді.

Бүгінде Қарағандыда 150-ге тарта электромобиль бар екендігі белгілі. Тек енді тиісті инфрақұрылым болса дейміз. Уақыт көрсетеді...

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

«Жайлы мектептің» жайы қалай?

Оқу-ағарту министрі Гани Бейсембаев Үкімет отырысында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының жүзеге асу барысын баяндады.

Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Министрдің айтуынша, ұлттық жоба еліміздегі оқушылар арасындағы орын тапшылығын шешуге, апатты және үш ауысымды мектептер мәселесін жоюға бағытталған.

– 2024-2025 жылдары 740 мың оқушы орнына арналған 369 мектепті, оның ішінде, биыл 217 мектепті қолданысқа беру көзделген. Мектептер құрылысы бірыңғай стандарт бойынша жүзеге асырылууда. Бұл ретте 163 мектеп ауылдық жерлерде салынады, – деді Гани Бейсембаев.

Ұлттық жобаны іске асыруға республикалық бюджеттен 2,3 трлн. теңге бөлу көзделген. Мысалы, 2023 жыл – 500 млрд. теңге, 2024 жыл – 976,3 млрд. теңге, 2025 жыл – 909,4 млрд. теңге. Былтыр «Самұрық-Қазынаға» тиісті көлемде 500 млрд. теңге қаржы аударылған.

Айта кеткен жөн, биыл облысқа «Жайлы мектеп» жобасы аясында 7 100 орындық 10 мектеп салынады. Атап айтсақ, Қарағандыда – 4 мектеп, Балқаш қаласында – 1, Бұқар жырау ауданында – 3, Шет ауданында – 2 мектеп пайдалануға беріледі.

Мектеп жайлы болған соң, соған лайық сапалы білім беріледі. Ал, оқушыларды осы мүмкіндікті пайдаланып, терең білім алу талап етіледі.

МЕРЕЙ

Көрермен көзайымы

Күллі өнердің ішіндегі ең маңыздысы – кино деп біледі көпшілік жұрт. Киноның айрықша бір қасиеті – ұлттық идеологияның қалыптасуына ықпал етеді. Әр фильм рухани құндылықтар, көзқарастар мен идеологияға бағытталады және осы картиналар арқылы әр көрерменнің санасына сіңіп, болмысына бойлайды. Осы ретте көптеген кинокейіпкерлерінің заманауи мәдениеттің бір бөлшегіне айналып, қоғамдық пікірге әсер етіп жататыны әмбеге аян. Мінеки, ұлт рухы үшін кино өнерінің маңызы дегеніміз осы.

Бүгінгі көркем фильмдер – мәдени мұралар мен салт-дәстүр, тарихымызды дәріптейтін, насихаттайтын көрнекі құрал. Кейінгі 14 жылда Қарағанды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен қазақстандық кинематография премьералары «Сарыжайлау» репертуарының ажырамас бөлігіне айналды. «Сарыжайлау» кинотеатрында Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының Қарағанды облысындағы күндері әрдайым өткізіліп тұрады. Бүгінде «Сарыжайлау» отандық жаңа фильмдердің премьералары өтетін кинотеатр деген ұғымнан кең мағынадағы мәдени-рухани демалыс алаңына айналған десек, қателеспейміз.

«Сарыжайлау» киноқорғанындағы әрбір премьераның маңыздылығы, ауқымдылығы жағынан облыстық мәдени өміріндегі айтулы оқиға деңгейіне көтеріледі. Тек 2023 жылдың өзінде режиссерлар Ерлан Нұрмұхамбетовтің «Қаныш», Бекарыс Елубайдың «Ақ боз үй», Қаршыға Игеннің «Бетпе-бет», Мұрат Есжаннның «Міржақып. Оян, қазақ!», Әзизжан Заировтің «Анашым, мен тірімін!», Арман Әлімжановтың «Өмірдің құны» картиналарының премьералары болды. Әр фильм ұлттық

кинематографиямызды жан-жақты танытып, еліміздің көрнекті тұлғаларының қалыптасуы, олардың өмірі мен еңбек жолдарынан, мемлекеттің тарихынан сыр шертеді, әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық мәселелерді көтереді.

Басты рөлдерді Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының артистері сомдаған «Бетпе-бет» фильмінің тұсау-кесерінде айрықша атмосфера орнын алды. Ал, «Міржақып. Оян, қазақ!» деректі-көркем фильмінде көрермен артистердің шебер ойындарына баға ретінде шығармашылық топқа үздіксіз қол соғумен құрмет көрсетті. Фильм Алаш қайраткерлерінің ауыр тағдырымен, ұлттың жарқын болашағы үшін жанын да, қанын да аямаған Міржақып Дулатов сияқты арыстардың өмірімен бүгінгі және келешек ұрпақты таныстырады, ойландырады, толғандырады.

Қаламыздың шығармашылық өміріндегі елеулі резонанс туғызған мүгедек жандар мен дауасы жоқ, ауыр сырқаттар туралы кинотрилогияның жалғасы болған «Анашым, мен тірімін!» фильмінің премьерасы ешкімді бейжай қалдырмады.

Жалпы, «Сарыжайлау» кинотеатры-



ның тұрақты көрермендері премьераларға әрдайым қызығушылық танытады. Жетекші актерлермен, продюсерлермен және режиссерлермен кездесулер жиі ұйымдастырылады.

Кинотеатрдың қонақжай бөлмесінде өтетін қызықты да танымдық киносабақтарды көрермендеріміз жақсы біледі. Оның бағдарламасына аймағымыздағы белгілі тұлғалар, өңірдің дамуына елеулі үлес қосқан еңбек адамдары, шығармашылық тұлғалармен, мәдениет саласының өкілдерімен, жоғары оқу орындарының ұстаздарымен кездесулер кіреді. Киносабақтың әрбір тақырыбы деректі немесе көркем бейнематериалмен толықтырылып отырады. Өткен жылы қала

мектептерінің оқушылары «Ауған соғысы – жүректегі жара», «Алаштың ақырғы ақиығы» атты сабақтарға қатысты. Киносабақ тыңдаушылары Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығы, Әміре Қашаубаевтың 135 жылдығы, Мартбек Мамырбаевтың 115 жылдығына арналған киносабақ, Қоянды жәрмеңкесінің 175 жылдығы, қазақ театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, аңыз әрі абыз актер атанған Қалибек Қуанышбаев, Қазақстанның халық артисі Қарғамбай Сатаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Әлімбек Оразбековтің өмірі мен шығармашылығы туралы бейнематериалдармен байытылған қызықты дәрістерді тыңдады.

Республика күніне, Тәуелсіздік күніне

арналған танымдық шаралармен қатар, Арқаның абыз театры – Сәкен атындағы театрдың актері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, драматург-актер Кеңес Жұмабековпен 75 жасқа толған мерейтойына орай шығармашылық кездесу ұйымдастырылды.

Бұқар жыраудың 355 жылдық мерейтойы аясында өткен «Халыққа мейірім мен ізгілік идеяларын жеткізуші данышпан» атты тақырыптық кеш көрермендердің үлкен қызығушылығын туғызды. Бұл іс-шара ақындар мектебі мен бейнеу өнері мұражайымен бірлесіп өткізілді.

Кинотеатр ұжымы Ұлы Отан соғысының ардагері, мемлекет және қоғам қайраткері Мәлік Имашевқа арналған ескерткіш тартаның ашылуы аясында танымдық іс-шара өткізіп, бір жыл бұрын өмірден өткен Арқаның аяулы әншісі, композитор Сейіл Аяғановты еске алуға арналған ескерткіш тартаның ашылуына мұрындық болды.

Кинотеатрда әркез Жастар фестивалін өткізу – дәстүрге айналған. Биылғы жылы Қарағанды колледждерінің студенттері «Қарағанды – достық пен бірліктің астанасы» атты жарқын сәттерімен есте қаларлық мерекелер аясында кинотеатр сахнасында кездесті.

«ArtShort» қысқаметражды фильмдер фестивалі жастар үшін есте қаларлық оқиға болды. Аталған өнер мерекесіне әуесқой режиссерлердің, актерлердің және операторлардың туындылары ұсынылды. Жігіттер қысқаметражды фильмдерінде өзекті де өткір тақырыптарды қозғайды. Әрбір жобаны тамашалағаннан кейін мазмұнды әңгіме өрбіп, пікір алмасты.

8-бет



• БРИФИНГ

Жастарды жігерлендіретін жоба

Zhas Project шағын гранттар конкурсына өтінімдер қабылдау 25 наурыздан басталады. Биыл өңірдегі әлеуметтік жобаларды қолдауға 14 грант бөлінеді. Жобаның биылғы жылғы операторы – «Қазақстанның Экологиялық Қоры» қоғамдық қоры. Өңірлік коммуникациялар қызметінің платформасында өткен брифингте жоба жайлы айтылды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



Спикерлердің айтуынша, жоба NEET санатындағы жастарды ынталандыруға бағытталған.

– Zhas Project әлеуметтік жобалар мен бизнес-идеяларды қаржыландыру арқылы NEET санатындағы 18 жастан 35 жасқа дейінгі жас қазақстандықтарды қолдауға бағытталған. Конкурстың ережесімен zhasproject-karaganda-kostanai.kz веб-порталында танысуға болады. Әлеуетті қатысушылар веб-ресурста жеке тіркеуден өтуі, сауалнаманы толтыруы және қажетті құжаттарды тіркеуі тиіс. 24 наурызға дейін ақпараттық-түсіндіру науқаны өтеді, ал өтінімдерді қабылдау 25 наурыздан басталады, – деді «Қазақстанның Экологиялық Қоры» қоғамдық қорының президенті Айгүл Әбдуалиева.

Конкурста өтінім беру үшін жеке куәліктің көшірмесін, электрондық үкімет порталындағы жеке кабинеттен облыс аумағында тіркелгенін растауды, қатысушының осал мәртебесін растайтын құжаттарды тіркеу қажет.

– Қатысушы NEET санатына жататын, өтінім берген уақытта тұрақты

немесе уақытша 3 ай тіркеуде болған, жасы 18-35 аралығындағы ел азаматы болуы тиіс. Былтыр 23 өтініш түсті, оның 14-і қолдау тапты. Биылғы конкурста Қарағанды және Қостанай облыстарының тұрғындары қатыса алады, – деді ол.

Шағын гранттар конкурсына қатысу туралы қосымша ақпаратты call-орталықтың +7-777-870-27-00 нөмірі бойынша алуға болады. Конкурстың қорытындысы осы жылдың қараша айында өтетін форумда жарияланады.

Айта кету керек, Zhas Project жобасы 2022 жылы Алматы, Жетісу, Қарағанды, Маңғыстау, Түркістан және Ұлытау облысында пилоттық режимде басталған. Былтырдан бастап еліміздің барлық өңірінде іске асырылуда. Ол ақпараттық түсіндіру жұмыстары арқылы NEET жастары арасында кәсіпкерлік деңгейін арттыруды көздейді. Жоба Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының тапсырысымен іске асады. Өңірде оның амбасадоры болып облыстың жастар ресурстық орталығы табылады.

Дамудың жаңа кезеңі

AMANAT партиясының облыстық филиалында «Ашық есік күні» өтті. Жылына бір мәрте өткізілетін атаулы шараға облыс әкімі мен оның орынбасарлары, барлық деңгейдегі депутаттар әрі жергілікті атқарушы органдар өкілдері мен зиялы қауым қатысты.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алқалы жиынның ресми бөлімін тізгіндеген AMANAT партиясының облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков ашық есік күні Мемлекет басшысы негіздеген «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында іске асырылып жатқанын мәлімдеді.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев еліміздің тұтастай дамуына депутаттардың қосар үлесі мол екенін қаперге салды.

– Мәселен, көлік инфрақұрылым, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, білім беру мен денсаулық сақтау, абағандыру саласы болсын, әр түйінді сауалды жергілікті атқарушы ұйымға барынша жедел әрі нақты жеткізуге ашық есік күнінің пайдасы орасан. Орынбасарларымызның жетекшілігімен өтетін үш бағыттағы сессияда тұрғындар көтерген түйіндіктер егжей-тегжейлі қарастырылып, тиісті шешім шығарылатын болады. Шынтуайтында, сіз бен біздің мақсатымыз бір – халықтың әл-ауқатын көтеру. Бұл – бұлжымас парыз, – деп түйіндеді сөзін Ермағанбет Қабдулаулы.

Партияның орталық аппаратының ұйымдастыру және аумақтық жұмыс департаменті директорының орынбасары Жандос Қалтаев уақыт талабынан шығу үдесінде партия күрделі трансформациядан өткендігін растады. Жаңа саяси тұғырнамасын қабылдаған.

– Біз екінші рет Премьер-Министрдің кандидатурасын ұсындық. Мәжілісте де көпшілік дауысқа иеміз. Республиканың саяси тірегіміз. Мұндай нәтижеге жету жолында әр партияластың төккен маңдай тері мен өткен еңбек жолы менмұндап тұр. Партия фракциясы сегізінші шақырылым басынан бері 31 заң жобасына бастамашылық етті. 62 заң жобасына Президент қол қойды. Бұл осы қысқа мерзімде атқарған еселі қызметтің бір парасы ғана. Иә, өңірдегі партияластарымыздың қызметі жете бақыланатынын да айта кеткен ләзім. Жыл қорытындысы бойынша 12 фракция мүшесі бірде-бір қабылдау шарасын өткізбегені, депутаттық сауал жолдамағаны анықталды. Партия абыройына нұқсан келтірген 5 депутат мандатынан қол үзді. 17 депутат ескерту, сөгіс



сынды жауапкершілік арқалайтын іске ілікті. Партияның парасат жолындағы ісі парықты болуы негізгі алғышарт! – деп тұжырымды спикер сөзін.

Бүгінде бұл саяси партияның алдындағы келелі міндеттер кезек күттірмейді. Қалың көпшіліктің қалауы ескеріліп, республикалық және өңірлік деңгейде 20 сайлауалды бағдарлама әзірленіп, бекітілді. Сан алуан саланы қамтитын, 505 тармақтан тұратын республикалық масштабтағы Жол картасы даяр. Жиырма өңірдің әлеуетін көтеру мақсатында 2377 тапсырма алға тартылды. Жыл қорытындысы бойынша облыс Сайлауалды бағдарламасының Жол картасындағы тапсырмаларды тиянақты орындау бағаны бойынша 94 пайыздық көрсеткішпен республика көлемінде 4-орынға жайғасқан. Партия жанындағы қоғамдық кеңестер мен арнаулы комитеттердің қызмет тәртібі оңтайландырылып, жалпы саны 1000-нан 379-ға дейін қысқарды.

Жергілікті атқарушы органдар мен мәслихат депутаттарының өзара іс-қимылы турасында баяндаған партия филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков жаңа саяси тұғырнаманы қабылдаған жетек-



ші партия аймақтық филиалдардың дербестігін де едәуір нығайтқанын, қызмет ашықтығы артқанын баян етті.

– AMANAT партиясы Президенттің қоғамдық тірегі, әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің драйвері. Мұнымен бірге, қараша халықпен бірге екендігін әркез дәйекті негізде дәлелдеп келеді. Мақсат – елге берілген уәдені орындау. Бұл жолда барлық мәслихат қабырғасында фракция мүшелері кемінде тоқсанға бір рет қоғамдық қабылдау өткізгені аса маңызды. Халық алға тартқан 100-ден астам аманат-тілек тиісінше орындалды, – деді Бекзат Қомарұлы.

Сөзін түйіндер сәтте спикер Жол картасындағы әр тармақтың орындалысына мәслихат депутаты, қала мен аудан әкімі және басқарма басшысы бірдей жауапкер екендігін қадап айтты. Ел сенімінің ақталуы ел елеулілері мен атқарушы биліктің берік ымырасына байланғанын атап өтті. «Бірліктің басы – сенім...» деп хәкім Абай айтқандай, сенім селсеусіз болса, ел де дамудың даңғыл көшінен қалып қалмайтыны аян.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

• COVID-19

51 адам КВИ жұқтырды

Облыста коронавирус инфекциясы бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Кешегі күнгі дерек бойынша жыл басынан бері коронавирус жұқтырған 51 адам анықталды. 19 жағдай қаңтарда тіркелсе, 32-сі осы айда.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дегенмен, облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандарының айтуынша, коронавирустың биылғы дерегі 2023 жылдың сәуірінен салыстырғанда 15 есе төмен. Былтыр қаңтар-ақпанда КВИ-нің 663 жағдайы тіркелген болатын.

– Коронавирус жұқтырған науқастардың анықталуы – оның жыл бойы айналымын растайды. Қазіргі айналымдағы

штамдар адамдар үшін аса қауіпті емес, аурудың белгілері ЖРВИ немесе тұмау сияқты басқа инфекцияларға ұқсас. Сондықтан, диагнозды дәл қою маңызды, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшының орынбасары Гүлжан Байғұтанова.

Бүгінгі күні Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавируспен салыстырғанда қауіпті болуы мүмкін «x» ауруы туралы ескертеді. Бұл – белгісіз, бірақ, жаңа індеттерді тудыруы мүмкін қауіпті аурулар. Өз кезегінде, сақтану үшін облы-

стық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті COVID-19-дың алдын алудың негізгі шарасы ретінде вакцинация, дұрыс тамақтану, белсенді өмір салтын ұстануды және жаман әдеттерден бас тартуды ұсынады.

– Қолыңызды үнемі жуыңыз немесе антисептиктерді қолданыңыз. Қолды жумай бет, әсіресе, көз бен мұрынды немесе ауызды ұстауға болмайды. Инфекцияның алғашқы белгілері пайда болған кезде аурудың таралуын шектеу үшін үйде болыңыз. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес қоғамдық орындарда, адамдар көп жиналатын орындарда маска тағу ұсынылады, – дейді департамент басшысы.

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Интернет сапасы жақсарды

Биыл облыстың барлық мектептері жоғары жылдамдықты интернетпен қамтылады. Жыл басынан бері жүргізілген жұмыстар нәтижесінде өңірде 38 мектепте интернет жылдамдығы артқан.

Білім басқармасы мамандарының мәліметінше, өткен жылы облыс мектептерінде интернетке қосылу сапасын тексеру жұмыстары жүрді. 412 жалпы білім беретін мектептің 143-нің интернет жылдамдығы талапқа сәйкес келмейтіні анықталды.

– Мектептерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамту білім беру қыз-

меті сапасына әсер етеді. Жылдамдықты арттыруға техникалық мүмкіндігі жоқ 106 мектеп Оқу-ағарту министрлігінің 2000 мектеп тізіміне енгізілді.

2024 жылдың маусымына дейін 106 мектепте Starlink спутниктік байланыс технологиясы арқылы Интернет жылдамдығын арттыру жоспарланған.

Өз тілімізден

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Тарихын түгендеген Теміртау

Ол уақытта ескі қала жаңа еді. Бір кездері ол жерде өмір қайнап тұратын. Қазіргі Теміртаудың орталығы, бастау алған жері – ескі қала. Сол замандағы теміртаулықтардың ең сүйікті демалыс орны «Энергетиктер» мәдениет үйі болатын.

Бұл мәдениет ордасы қала тұрғындары үшін заманның алмасып, жылдардың жалғасып жатқанына қарамастан өз құндылығын жоғалтқан емес. «Энергетиктер» мәдениет сарайы 1961 жылы қабырғасы қаланып, тоқсаныншы жылдардың басына дейін халық игілігіне жарап келді. Тарихи нысанның талқаны таусылар тұс та осы тоқсаныншы жылдармен тұспа-тұс. Содан бері ғимараттың тозығы жетіп, қаншама жылдар қараусыз қалған. Оған себеп те жоқ емес. Ғимаратты жауаптыны алғандар несие берушілердің алдында әбден қарызға батқан.

Ал бүгін тарихи нысанның тарих қойнауына кетпеуі керектігін айтып табандап тұрған халықтың айтқаны орындалады. «Энергетиктер» мәдениет үйі қайта қалпына келтірілетін болды. Жөндеу жұмыстарының жобасын әзірлеу қолға алынды. Болжам бойынша ол жөндеу 7 айға дей-

ін созылуы мүмкін. Бұл туралы Теміртау қаласының құрылыс бөлімінің басшысы Нұржас Жәкітай айтқан еді.

– «Қаламызда маңызды мәселенің бірі – ескі қаладағы «Энергетиктер» мәдениет сарайын сақтап қалу. Осы орайда 2023 жылы қала бюджетіне «Энергетиктер» МҮ қайта жаңғырту жобасына 82 000,0 мың теңге қаражат бөлінді. Мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижесі бойынша Астана қаласынан «Ғимарат Горпроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі анықталды. Қазіргі уақытта жобалау жұмыстары жүргізілуде», – дейді бөлім басшысы.

Бөлім басшысының айтуынша, жоба әзірлеуші компанияның тәжірибесі мол. Бұған дейін еліміздің түрлі өңірлерінде ғимараттарды қалпына келтіруге атсалысқан. «Энергетиктер» мәдениет сарайын қалпына келтіру барысында да оның



бірегей архитектуралық стилін сақтауға баса мән беріледі.

Бұл әкімдіктің алдында бірінші рет қозғалып жүрген мәселе емес. Тарихын түгендейтін теміртаулықтардың айта берсе амалы, жаза берсе жөні болар деп жүрген жанайқайы. Кезінде қазаны қайнап тұрған нысанның, базары тарқап, ажары кайтқалы қашан. Ұсқыны қашқан мәдени ошақтың жағдайын түзеуге 2013 жылы

жергілікті билік назарын салып кіріскен көрінеді. Жұрт шошымасын деп шатыры мен сыртының кейбір тұстарын жөндеп, пластикалық терезе орнатқан көрінеді. Ресми түрде МҮ жеке меншікте болғасын ішін жөндей алмаған.

Әділет ШОПЕН

ТЕМІРТАУ

Сурет автордікі

ХАБАРЛАНДЫРУ

Аудандық және қалалық мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың назарына!

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 28-бабына сәйкес «Сағарқа арағат» ЖШС аудандық және қалалық мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың барлығы сайлау науқаны аясында өздерінің сайлау материалдарын газетте жариялай алатынын хабарлайды.

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіндегі 1 шаршы см. орынның құны – ҚҚС есебімен 330 теңге.

Аудандық және қалалық мәслихаттар депутаттығына кандидаттарға газет бетінен орын беру үшін бұқаралық ақпарат құралдары басшысының атына жазбаша өтініш жазу негіз болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау материалдарын жариялауда қаржыландыру көздері туралы ақпарат болуы тиіс екенін естеріңізге саламыз.

Жанашырды біз де қолдаймыз

Биыл қазыналы Қарағанды 90 жылдық мерейтойын атап өтуде. Шаһардың мерейлі мерекесіне алғашқылардың бірі болып Жұмабек Тәшенев атындағы мектеп ұжымы той таралғысын жасаған. 90 газетке жазылды.

– Қарағандының көне тарихы Арқадағы абыз басылым «Ortalıq Qazaqstan» газетімен тығыз байланысты. Газет бетінде қаланың құрылуынан бастап, қаншама еңбектің нәтижесі, адам тағдыры, бейнесі, суреті жарияланды. Ұлттың рухын көтеруге үлес қосты.

Газет – дәуір үні. Әр дәуірдің өзіндік талабы, міндеттері болады. Осы жолда журналистер қауымы замана ағымына сай еңбек етуде. Газет бетінде кез келген тақырыпқа сай тұщымды дүниелер жарияланады. Ұстаздар Қарағандының 90 жылдығына орайластырып, 90 газетке жазылуы дұрыс көрді, – деді Жұмабек Тәшенев атындағы жалпы білім беретін мектеп директоры Бекбай Смағұлов.

Тәшенев мектебінің бастамасын қаламыздағы біршама білім ошақтары жалғастырды. Атап айтсақ, Қарағандыдағы №2 арнайы мектеп-интернаты, №27 жалпы білім беру мектебі, Мартбек Мамыраев атындағы мектеп-интернатының ұжымы «Орталықты» іздеп жүріп оқитын сүйікті оқырман қатарынан табылды. Сондай-ақ, Мағжан Жұмабаев атындағы гимназия, №81 жалпы білім беру мектебі мен №36 жалпы білім беру мектебінің ұстаздары ордалы оқырман қатарынан көрінді. Осылайша, Арқадағы қазақ баспасөзінің қарашаңырағына, басылымның бапандай жүгін аркалап жүрген журналистер еңбегіне құрмет көрсетті.

Біз де білімге бағытталған «Шамшырақтың» кезекті шығарылымдарына жоғарыда аталған білім ошақтарының ерекше жаңалықтарын жариялап отыруды жөн көрдік.

РЕДАКЦИЯДАН

• ОЛИМПИАДА

Жеңімпаз оқушы

Ауыл оқушыларына арналған олимпиаданың және жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде қалалық Ж.Тәшенев атындағы мектептің 10-сынып оқушысы Азат Қобланды ІІІ орынды жеңіп алды. Ұстазы – Майда Оспанова.

Ел дамуының алтын қаруы – білім. Білім бар жерде жетілу, кемелдену бір сәтке толастамайды. Олимпиадада Азат секілді үздік оқушылар ерекшеленді. Алдағы уақытта білім көкжиегінде қалықтап, жаңа Қазақстанды жаңа биіктерге көтерсін.

«Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» – деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, ұстаз – мектепте басты тұлға. Оқушылардың білімі мен біліктілігінің қалыптасуына жағдай жасайтын ұстаз еңбегінің ескерілгені – үлкен жетістік.

Ж.Тәшенев атындағы мектептің ата-аналары

• ЖОБА



Ұстаздарға арналған қосымша

• БІЗДІҢ МЕКТЕП

Тәшенев мектебінің тәлімі

Алаштың асыл ұлы, еліне адал азаматтығымен есте қалған қайсар Жұмабек Тәшенев атындағы мектебіміз бүгінде қарыштап дамуда. Қазіргі таңда мектепте 70 сынып, оның ішінде 1 мектепалды даярлық сыныбы, 3 арнайы сынып, 30 инклюзивті білім алатын сыныптар бар.

Жалпы 1494 оқушы білім алуда. Оқу-тәрбие үрдісін 120 мұғалім жүзеге асырады.

Педагогикалық ұжымның негізгі бөлігін тәжірибелі, кәсіби шеберлігі жоғары деңгейдегі педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы санатты ұстаздар құрайды. 1984 жылдан бастап Қарағанды облысы бойынша мектебімізде алғашқы болып арнайы түзете дамыту сыныптары ашылған. Биылғы оқу жылы 30 сынып, оның ішінде 42 бала инклюзивті білім алуда, бұл оқушылармен арнайы логопед, дефектолог, психолог мамандар жүйелі түрде жұмыс жүргізуде. Осы жұмысты нәтижелі атқаруда қажетті құралдармен жабдықталған логопед кабинеті ашылды. Мектеп мұғалімдері әртүрлі деңгейдегі интеллектуалдық олимпиадалар мен шығармашылық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді.

Биыл республикалық олимпиаданың қалалық деңгейінде орыс тілі мен тарих пәндерінен 2 жүлделі орынға қол жеткіздік. Облыстық деңгейде орыс тілі пәнінен ІІІ орынға ие болдық. Жыл сайын оқушыларымыз қалалық «Жыл оқушысы» сайысына қатысып, жүлделі орындарды қанжығасына байлап келеді. Мектебімізде ілкімді шаралар жалғасын табууда. Алдымен, Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай «Қасым залы» ашылды. Ал, 2022 жылы мектепке Жұмабек Тәшеневтің есімі берілді. Осыған орай аймақтық ғылыми-танымдық конференция өтті.

Қалалық «Қазақ тілі кабинеті» байқауында жүлделі І орынды иелендік. Мектебімізде үш жыл қатарынан олимпиада жеңімпаздары, «Жыл оқушысы» байқауының жеңімпаздары топ жарды. Заманауи талаптарға сай Stem-кабинеті жұмыс істеп тұр. Биылғы «Алаш айлығы» аясында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы заманауи талапқа сай бастауыш кабинеті ашылғаны білесіздер.

Бекбай СМАҒҰЛОВ, Жұмабек Тәшенев атындағы мектеп директоры



• ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Сөнбейді, әже, шырағың!



Мектебімізде «Құндылыққа негізделген тәрбие мен білім» облыстық форумы аясында «Сөнбейді әже, шырағың!» атты «Ғибрат» әжелер мектебінің ашық есік күні өтті. Бала тәрбиесін бүгінгі заманның жетістіктерімен ұштастырды.

Шарада «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Ар-ұят құндылығы» шеңберінде оқушылар «Ғибрат» әжелер мектебінің ақмандай әжелерінің көмегімен тіккен колөнер бұйымдарын көрсетті.

Балалар келген қонақтарға диірмен тартып, талқан жа-

сау, алаша тоқу, сыпыра тігу, қолғап, шұлық тоқу, былғарыдан шағын қалта тігудің қыр-сырын түсіндірді. Жиналғандар әжелер мен балалардың өнерін тамашалап, мерекелік дастарқаннан дәм татты.

Өмірдің мәнін терең түсінген, ұрпағының болашағына ой жүгірткен үлкендер ұлттық құндылықтарды бойтұмардай сақтап, кейінгі буынға шашау шығармай аманаттай алса – нұр үстіне нұр.

Панеш ТАЛДЫБАЕВА, Ж.Тәшенев атындағы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

• ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА

Тәрбиенің түп қазығы

Халық даналығында «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі Адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін еңбекті қажет ететін аумағы кең, жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек.

Бүгінгі таңда оқушыларға әлемдік деңгейде өркеніетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – ұстаз алдындағы міндет. Ұлттық құндылық – белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Оқушының ұлттық қасиеттері меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділік, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі арқылы ерекшеленеді. Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бір жолы – мектепшілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Осындай тәрбие жұмыстарын ұлттық құндылықтар арқылы ұйымдастыруға болады.

Осы негізде мектебімізде әжелердің өнегелі өмірін үлгі ете отырып, оқушыларды қазақтың ұлттық салт-дәстүріне баулу мақсатында «Ғибрат» әжелер мектебі жобасы ұйымдастырылып, облыстық «Ұрпақтар үндестігі» фестивалінде өз өнерлерін паш етті. Сонымен қатар, «Дебат» ойыны, «Әжемнің ертегісі», «Өнегелі өмір» жобасы, «Зере» аналар мектебі, «Саламатты жастар», «Оқуға құштар мектеп» жобаларының жұмысы жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Осы шаралар жөнінде ақпарат жинап, баспа бетіне шығаратын «Жас журналист» жобасы аясында оқушылардың дайындауымен «Жас канат» газеті де шығарып отырады.

Халықта «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде оқушылардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру.

Бүгінде жастарды әдепті де, саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білу қажет. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі өз жемісін берері анық.

Қаракөз АБДИКАМАЛОВА, Ж.Тәшенев атындағы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

TASHENEV air lines

«Тәшенев жастары» қалалық жас мұғалімдер мектебі жоспары аясында жас ұстаздарды білім әлеміне саяхатқа шақырды.

Білікті ұстаз – сапалы білім негізі демекші, «Ziaterlik modernizatsia-23» жобасы аясында Тәшенев жастарының ұйымдастыруымен «Бүгінгі жас маман – табысты ұстаз» тақырыбында коучинг өтті. Қала мектептерінен 25 жас маман қатысып, жас ұстаздар оқу процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы тәсілдері, әдістері, технологиялары туралы тәжірибе алмасты. Коучинг жоғары дәрежеде өткізілді. Жас мамандар білікті ұстаз екендерін көрсете білді. Олар семинарда сабақ өткізудің жаңа әдіс-тәсілдерін үйренді, өздерінің тәжірибелерімен бөлісті.

– Технология қарқынды дамыған сайын, білім саласы да қарыштауда.

Мұғалімдердің заман талабына сай болуы – маңызды. Мұғалім қашанда сұранысқа ие маман болғандықтан, оның дамуы әрқашан әлемдік білім беру тенденцияларына сай болуы керек. Сабақты ұйымдастыруда цифрлы мұғалім, сабақ форсайты секілді кейстерді меңгеруі тиіс. Әлемде цифрлы сауатты және оқу жүйесіне жаңа технологияны енгізе алатын мұғалімдерге сұраныс жоғары, – дейді жас ұстаздар.

Үлболсын СЕМБАЕВА, «Тәшенев жастары» ұйымының жетекшісі, шет тілі пәнінің мұғалімі

• ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ

Әр балада мүмкіндік – тең

Елімізде мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік бейімдеу білім маңызды рөл атқарады.



Инклюзивті білім беру – әрбір адам үшін сапалы білімнің қолжетімділігі үшін жағдай жасауға бағытталған білім беру жүйесін трансформациялау үдерістерінің бірі.

Жалпы білім беру жүйесінде орта мектеп деңгейінде де инклюзивті құндылықтарды енгізбей, инклюзивтік саясат пен тәжірибені жетілдірмей, инклюзивті білім беруді дамыту мүмкін емес. Білім беру жүйесі кез келген іс-әрекеттің табысты болуының сыры үнемі дамуға бағытталғандығын дәлелдеп отыр, сондықтан мектебіміз инклюзивті білім берудің тағылымда аяндарының бірі болып табылады.

2015 жылдан бастап Жұмабек Төшенев атындағы мектепте «Жалпы білім беретін мектепте инклюзивті білім беруді іске асыру» тақырыбы бойынша тәжірибелік-эксперименттік бағдарлама әзірленді. Эксперимент ғылыми-зерттеу әдісі ретінде инновациялық қызметтің ажырама бөлігі болып табылады.

Бұл бағдарламаның өзектілігі нәтижеге бағытталған білім беру саласындағы мемлекеттік талаптарды құруға байланысты оқушылардың табиғи мүмкіндіктері мен бейімділіктеріне сәйкес жеке білім алуына, дамуына, барынша жағдай жасау.

Мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жан-жақты дамуы үшін барынша қолайлы жағдай жасалған. Жыл сайын материалдық-тех-

никалық база жақсартуға, бұл білім, білік және дағдыларды меңгеру деңгейін арттыруға ықпал етеді. Биылғы оқу жылында мектепте инклюзивті білім беру бағдарламасы бойынша 42 оқушы білім алса, 23 оқушы арнайы түзету сыныптарында оқиды.

Біздің педагогикалық ұжым білім беру процесіне қатысушылардың барлығының білім беру қызметтерінің деңгейі мен сапасына қанағаттануы сияқты аспектімен жұмыс істеуді жалғастырады.

Мектебімізде инклюзивті сыныптар да, психикалық дамуы тежелген балалар мен ақыл-ойы жеңіл дамуы бар балаларға арналған арнайы (түзету) білім беру сыныптары да бар.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған мектепте жабдықталған сенсорлық кабинет, логопедтік, медициналық пункттер бар. Біздің оқушылар мектеп кітапханасына жиі келіп, жалпы дүниетанымы мен оқу сауаттылығын дамытады. Мұғалімдер қиын жағдайға тап болған балалар мен ата-аналарға көмек көрсетеді, осы мақсатта мектепте ПШККО кабинеті (Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету орталығы) ашылды.

Жанара ТҰРСЫНОВА,
Ж.Төшенев атындағы
мектептің бастауыш сынып
мұғалімі
Зауре НҮРЖАЕВА,
директордың оқу ісі
жөніндегі орынбасары

• ТҰЛҒА ӨНЕГЕСІ

«Кісендеулі жолбарыс»

Қазақ халқының тарихында есімдері алтын әріптермен жазылып қалған тұлғалар аз емес. Әсіресе, аласапыран кезеңдерде туған еліне ес болып, бағыт-бағдар көрсеткен жандардың орны тым ерекше. Олар болмаса біздің бүгінгі жарық күндеріміз дәл осындай қалыңда болар ма еді? Халқымыздың басына түскен сын сағаттарда ерекше жаралған перзенттерінің жанкештілігінің арқасында қазақ жері осы бүгіндігі сақтап қалды. Өткенді бағаламай, тарихты терең білмей, ертеңгі күнге дайын болу мүмкін емес. Ол өмір сүрген кезеңде қасқайып тұрып, ұлттың намысын қорғау, жерін сақтаймын деп талпыну, жүрек жұтқандық пен азаматтық таныта білу кез келгеннің қолынан келмейтін кез еді. Сол дәуірдегі саясаттың салқынынан қорықпай, қарсылық көрсетіп, қазақтың жерін сақтап қалған тұлға – Жұмабек Ахметұлы Төшенев.

Туған халқының алдындағы үлкен ерлігінің бірі – сұрапыл хрущевтік дәуірде Қазақстанның солтүстік аймағындағы байлығы шалқыған, егін-жайы толқыған бес облысын көрші Ресейге қосудан аман алып қалуы. Қазақтың ұлан-ғайыр киелі жерін талан-тараждан қорғап қалған Ж. Төшеневті халық арасында «Кісендеулі жолбарыс» деп атап кеткен. Жұмабек Төшенев халқына адал, ел игілігі жолында асқан жауапкершілікпен еңбек еткен қайраткер тұлға. Ол қандай мәселеге болсын, әділдікпен қарап, белсеніп шығып, көзқарасын батыл қорғайтын. Ең үлкен дәрежедегі жиындарда өзі де пікірін ашық айтатын, өзгенің де жасқанбай сөйлеуін қалайтын. Озінің қарақан басын, ағайын-туғандарын да ойламай, тек халықтың күйін күйттеп, жырын жырлап «халық үшін жан пид!» деп өткен асқақ рухты Жұмабек Ахметұлы сынды қазақтың озық ойлы азаматының тағдыры – тарих, ісі – өнеге.

Қайсар азаматтың ерлігі жайлы және ұлт құрметіне бөлен-

дағы сыныптық тәрбие сағатында сынып жетекшілері оқушыларға өңірдегі тарихшы ғалымдар мен қаламгерлерді шақырып, Төшеневтің тағылымын тәптіштеп жеткізді.

Мектебімізде тау тұлғаның егемен елдің болашағы жолында жасаған ұлан-ғайыр еңбегін насихаттау мақсатында «Рухани кемелділік – Төшенев болмысының нұрлы сипаты» тақырыбында аймақтық ғылыми-танымдық

Төшенев мектептерінің республикалық альянсы құрылды. Бұдан былай қарай, осы тектес ағарту мекемелері оқу-тәрбие үрдісіндегі жаңашылдықтар мен озық тәжірибелерін бір-бірімен «онлайн» және «зум» арқылы байланыса шығып бөлісіп отыратын болады. «Жаңа тәсілінің ұтымды тұсы-білім беру жүйесіне жаңа серпін әкелетіні сөзсіз», – деді біздің мектептің директоры Бекбай Смағұлов.



ген мемлекет қайраткерінің ізгі істерін бүгінгі ұрпаққа насихаттау мақсатында қалың қазақ мекендейтін Әлихан Бөкейхан ауданындағы бұрынғы «№54 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ Жұмабек Төшеневтің есімімен аталды. Жағымды хабарды білім ордасының ұжымы зор қуанышпен әрі жүгі ауыр жауапкершілікпен қабылдады. Жаңа оқу жылын-

конференция өтті. Бұл басқосуға аймақаралық азаматтық баласы, техника ғылымының кандидаты Саян Төшенев, аймақ зиялылары және ұстаздар қауымы сондай-ақ, Астана, Аршалы, Ақтөбе, Павлодар, Түркістандағы Төшенев атындағы мектептің ұжымы зум арқылы байланыса шығып, тарихи сәтімдіздің куәсі болды. Айта кетерлігі, сол күні ел аумағындағы

Ұлт жанашыры Жұмабек Ахметұлының туған күніне орай «Ұлттық рухтың символы – Жұмабек Төшенев» тақырыбында қалалық Құрылтайы да өткен.

Ляззат ДИЛМАҒАМБЕТОВА,
тарих және география пәні
мұғалімі,
Калима ШОМАНОВА
тарих пәні мұғалімі

• СПОРТ

Жеңімпаздармен мақтанамыз

Әдетте кез келген адам спортпен шұғылдана білуі мүмкін, бірақ шын спортшы болуы екіталай. Өйткені, спорт өнерінде қайтпас қайсар мінез бен күш-жігерді үйлестіре білген адам ғана ұтады.

Жұмабек Төшенев атындағы мектеп оқушылары Қарағанды мектептері арасында өткен тоспа доп жарысында 5-6 сыныптар I орын, 7-8 сыныптар арасында I орын, 9-11 сыныптар II орын иегерлері болды. Дене тәрбиесі пәні мұғалімі Қайролла Турлин Балқаш қаласындағы 50 жастан асқан ардагерлер арасындағы волейболдан ашық турнирде II орын жеңіп алды.

Мектебіміздің 9 сынып оқу-



шысы Александр Немудров фунакоши каратэ бойынша Әлем чемпионатында II орын иегері болды. Мектебіміздің мақтанышы 7 сынып оқушысы Малика Манкенова Бельгия елінде болған «Гіас» турнирінде спорттық акробатикадан I орын, Ресейде Омск қаласында болған жарыста I орын, Өзбекстан мемлекетінде өткен Азия чемпионатында I орын алып келді. Жыл сайын мектебімізде «Төшенев жүлдесі» атты спартакиада ұйымдастырып өткізу дәстүрге айналған.

Таңшолпан ӨСКЕМБАЕВА,
Ж.Төшенев атындағы мектеп
директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары

• «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП»

Кітап оқудың ықпалы

Кітапхана – адам ақыл-ойының, парасатының қоймасы. Қазіргі кітапханалар ол тек қана кітаптар емес, ол – газет-журналдар, аудио және бейнетаспалар, CD – дискілер, электронды оқулықтар.



Білім сапасына қатаң талаптар қойылып, оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа әдістері пайда болса да, оқытудың жаңа технологиялары кең көлемде практикалық қолданыса ие болса да, ғылыми-техникалық процесс арқасында өзгерістер енгізіліп, электронды ақпарат құралдары, информатикалық даму күннен-күнге жетілгенімен, кітаптың алар орны бөлек. Себебі, прогресті жасау үшін де адамзаттың кітапқа жүгінбеуі мүмкін емес.

Кітапхана – сапалы білімнің сенімді кепілі. Кітап – біздің рухани құндылығымыз, теңдессіз байлығымыз. Өткен замандардың туының тереңнен сыр шертетін тарихты да, әдебиетті де, басқа ғылым

кереметтерін де осы кітапханадан табамыз. Талай оқиғалардың куәсі, талай жаңалықтың көзі – осы кітаптар. Рухани білім мен мәдениеттің ауадай қажеттілігі, маңыздылығы ешқашан мәнін жойған емес. Адам баласы сол байлықтың көзін «кітап» деген құдіреттен тапты. Кітапхана – оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір.

Кітапхана өмірі – сырт көзге біліне, байқала бермейтін ағысы баяу, тұлға толқындар ішінде жататын өмір. Сол өмірге бойлап, дендеп енген адам ғана бұл шаңырақтың қыры мен сырын аңғара алмақ. Өзгеге қуаныш сыйлап, өзін гасырдан – гасырға жеткен асыл қа-



зынамыздың қожайынындай сезінер. Оқушыларға кітап оқудың ықпалы зор. Заманалар толқынында тербеліп, өзінің қымбат қазынасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан кітаптың адамның рухани азығы екені даусыз. Біздің кітапхананың мақсаты – кітапханаға оқырман тарту, кітап сөрелеріндегі кітаптарды оқырман қолына жеткізу, насихаттау. Кітапхананың әрбір кітабын оқушыға насихаттауда кітап көрмесінің маңызы зор. Кітапханада 6 дана нетбук бар, оқушылар келіп қажетті әдебиеттерін алып, нетбук қолданады. Бұл орын оқушылардың шығармашылық жұмыстарымен шұғылдануына көп ықпалын тигізеді. Мектеп кітапханасында бүгінгі таңда кітап қоры – 32 084. Оқулықтар саны – 31 352. Мектеп кітапханасы жоспарға сай жұмыс атқарады.

Назира АЛЬМОЛДИНА,
Ж.Төшенев атындағы
мектеп кітапханашысы

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Дарынды оқушы – ел мақтанышы

Заман талабына сай бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтың туын биік ұстайтын жас ұрпақ тәрбиелеу – маңызды.

Пәндік олимпиада – ғылымның алғашқы бағпаладағы. Бала санасына ғылымның алғашқы ізденістерін қалыптастырып, келешек жас ғалымдарды баулитын, еркін ойлы болып қалыптасуында білім бәсекесінің маңызы зор. Білім бәсекесіне түскен бала жастайынан бейімделу арқылы ел ертеңінің әлеуетті болуына даңғыл жол ашады. Сондай-ақ, пәндік олимпиадаға дайындық, адам миының ең жоғарғы қабылдау кезеңінде басталатындықтан, ол оқушылардың ойлау формасын дамытып қана қоймай, ғылымға көзқарасын қалыптастырып, болашақ бағдарын айқындайтын ғылыми ізденіс болып саналады.

Пәндік олимпиада дарынды балаларды ғана емес, шығармашыл ұстаздардың да көкжиегін кеңейтіп, біліктілігін арттыратыны сөзсіз. Соның ішінде, мектебіміздің орыс тілі пәні мұғалімі Майда Оспанованың әрбір жетістігіне куәміз. Олимпиададан үшінші жыл қатарынан орыс тілі пәнінен 10 сынып оқушысы Азат Қобланды оза шауып, биылғы оқу жылында республикалық пәндік олимпиаданың облыстық кезеңінен жүлделі 3 орынды қанжығасына байлады. Халық даналығында «Талант еліктеуді білмейді, өзі тудырады» дейді. Осы сөздер Азат Қобландыға арналғандай. Азаттың өзіндік ойлау ерекшелігі басым, түрлі болжамдар жасауға қабілетті, қиялы ұшқыр, өзін таңуға құштар оқушы.

Пәндік олимпиадада басқа пәндерден де қалалық кезеңнен жүлделі орын алған оқушыларымыз бен мектебіміздің көптеген шығармашыл ұстаздарын атап өткім келеді. Тарих пәнінің мұғалімдері К.Шомаманова, М.Усенова, география пәнінің мұғалімі С.Алмешова жетекшілігімен мектебіміздің дарынды оқушыларының бірқатар пәндік олимпиадалардың қалалық, облыстық кезеңдеріне қатысуына ықпал етіп, жүлделі орынмен оралып жүргенін мақтан тұтамыз.

Мәселен, мектеп шәкірттері 2023-2024 оқу жылында қалалық, облыстық, республикалық 30-дан аса білім долдасына қатысып, мектеп абыройын асқатқан. Оның ішінде, жүйелі дайындық пен тынымсыз еңбектің арқасында тоитан озып, шәкірттерінің жүрегіне жол таба білген Майда Көжекқызының қалалық «Шөкірім шыңы», «Жанды классика», «Строкою Пушкинской пленный», С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған «Поэт жив, пока память о нем жива» атты шығармашылық сайыстарда жүлделі I, II орын алғанын мақтанышымен айтамыз.

Біз үшін әрбір бала – тұлға. Сол баланың тұлғалық қабілетінің ашылуына ұлағатты ұстаздардың алатын орны айрықша.

Махаббат БАЗАРБАЕВА,
Ж.Төшенев атындағы мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

• ТАЛБЕСІК

Бала ертеңіне бейжай қарамайық

№2 арнайы мектеп-интернатында тірек-қимыл аппараты зақымданған, атап айтсақ, әртүрлі этиологиялы және ауырлықтағы қозғалыс бұзылыстарымен, церебральды сал ауруымен, тірек-қимыл аппаратының туа біткен және жүре пайда болған деформациялары бар балалар оқытылады.



Мектеп-интернаттың ин-фрақұрылымын жаңарту арқылы оқыту мен тәрбиелеу үшін заманауи жағдай жасау, сапалы білім алуға ықпал ететін білім беру ортасын жетілдіре отырып, тірек-қимыл аппараты зақымданған балаларға сапалы оқу ұйымдастыру мектеп-интернаттың басты міндеті.

Оқыту-түзету жұмыстары жалпы білім беру циклі сабақтарында, сондай-ақ, арнайы оқыту кезінде де әр баламен жеке жұмыс жүргізу, түрліше әдіс-тәсілдермен ақыл-ой мен тәжірибелік іскерлікті алмастыру, қызықты және әсемделген дидактикалық заттарды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Мектепте заманауи модификацияланған оқу-тәжірибелік химия, физика, информатика кабинеттері бар. Сондай-ақ, бейнелеу өнері, тігін, қиып, токарлық және металл өңдеу шеберханалары және логопед, психолог, дефектолог секілді көптеген мамандар жұмыс істейді. Сенсорлық, Монтессори, дене шынықтыру орталығы бар түзету кабинеттері, емдеу-сауықтыру пункті, гидрокнезотерапия, массаж каби-

неттері, бейімделу және емдік жаттығу залы және спорттық кешенмен жабдықталған. Өткен жылы мектеп-интернаты «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорының қолдауымен заманауи талаптарға сай құрал-жабдықтармен жаңартылды.

Жаңа пәндік химия кабинеті, тігін шеберханасы, ағаш және ұста шеберханасы, қиып шеберханасы толықтай білім алушылардың қажеттілігіне сай жабдықталды. Бұл ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін қолайлы. Кәсіби еңбекке даярлап, әр баланың қызығушылығын, бейімділігін және қабілеттеріне сәйкес кәсіби еркін, сапалы таңдау қабілеті мен мүмкіндігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Мектеп-интернаттың тәрбие жүйесі «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жүзеге асырады. Білім алушылар республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадаларға жүйелі түрде қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Мектеп-интернатында ұйымдастырылып тұратын экскурсия,

көрмелер мен кинотеатрлардағы көрсетілімдер тәрбиеленушілердің мәдени деңгейінің дамуына ықпалын тигізеді.

Мектепте хореография, армрестлинг, бочча, жеңіл атлетика, үлкен

теннис, арбамен билеу, пара-кратэ, тоғызқұмалақ, дойбы, асық ату, футбол, жүзу, вокал жас жеткіншектердің жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Отбасының оқу-тәрбие процесіне жауапкершілікпен қарап, белсенді араласуын арттыру үшін мектеп-интернаты ата-аналармен бірлесіп «Отбасы және мектеп: диалогтан – серіктестікке» жобасын іске асыруда.

Жоба ата-аналармен кең әлеуметтік қарым-қатынасқа ұмтылатын ашық әлеуметтік-педагогикалық жүйені құрып, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін күшейтпек.

Оқу-тәрбие үрдісін жүзеге асыруда әлеуметтік серіктестердің қолдауы мен көмегі орасан зор. Бала тәрбиесіне бейжай қарамайтын, «ерекше балаларға» көмек қолын соза білетін мекемелермен қоян-қолтық серіктестікте жұмыс жүргізілуде.

Эльмира АМАНДЫКОВА,
№2 арнайы мектеп-интернатының директоры

• АКЦИЯ

Бәрін таста, кітап оқуды баста!

Тәуелсіз елді өркендетті әлемге танытатын білім мен білімді ұрпақ. Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер еліміздегі бірден-бір руханият ордасы – кітапхана. Оқушылардың рухани қазына кітапқа деген талап-тілегі мен сұранысын қанағаттандыруды күннен-күнге жақсарту – уақыт талабы. Жас ұрпақты тәрбиелеуде кітапхананың орны ерекше.

Кітапхана жеке адамның жан-жақты білім алуымен қатар патриоттық рухта тәрбиеленуіне, ғылыми, кәсіби, мәдени дәрежесінің дамуына әсер ететін әлеуметтік орын. Кітап мұхитында бағыт табуға, рухани тәрбие мен патриоттық тәрбиенің өмірлік азық алуға көмектесетін кітапхана мен кітапханашы. Жас ұрпақтың бойында патриоттық, отансүйгіштік, адамгершілік, әділдік бауырмалдық қасиеттерді қалыптастыруда кітапхананың маңызы орасан зор.

Жыл сайын мектеп кітапханасының кітап қоры оқулықтармен және көркем әдебиеттермен толығырақ. 2023 жылы кітапхана қоры «Мазмұндама» баспасынан жарық көрген жаңа әсем безендірілген көркем әдебиеттермен толды.

Қазіргі таңда №2 арнайы мектеп-интернаты кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» республикалық жобасын жүзеге асыру аясында жұмыстар жүрде. Жобаның мақсаты ертегілерін насихаттау арқылы оқырманның бойына рухани құндылықтарды ұялату көзделген. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бәрін таста да, кітап оқуды баста» акциясы жарияланып, апта сайын сынып жетекшілері, ұстаздар үзілісте бір мезет кітап, ертегілер оқуын ұйымдастырып, мектеп кітапханашысы сыныптарға «Кітап керуені» арқылы кітаптарды үлестіріп отырды. Нәтижесінде оқырмандар кітапхана қорындағы көркем әдебиеттермен танысып, оның ішінде ертегілер еліне саяхат жасайды.



Республикалық «Бір ел – бір кітап», «Кітап әлемді бағындырады» кітап сыйлау акциясы, «Интернет орнына кітап», «Балалар кітап апталығы», буктрейлер, үзілісте сынып болып кітап оқу, «Bookcrossing» өзара кітаптарды алмасу акциялары ұстаздар, тәрбиешілермен бірлесіп, тұрақты өткізіліп тұрады. Кітапхананың ең кішкентай алғашқы оқырмандары үшін жыл сайын кітапханамен танысу «Кітапхана – білімпаздар менені» экскурсиясы өтеді. Кітапхана оқырмандармен жеке жұмыс жасауға үлкен көңіл бөледі, оқушыларға кітап таңдауға кеңес береді.

Мектеп кітапханасында «Түрлі-түсті кітапхана» ВООК-шоу, «Ертегі кейіпкерін тап» лэпбук викторина, «Тәуелсіздік ұрпақтары» блиц-ойын, «Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» челлендж-эстафетасы секілді көптеген қызықты шараларын ұйымдастырады.

Жаңа заман, компьютер дәуірі болғанымен, рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әрбір адамның келер шаңырағы – кітапхана. Мектеп кітапханасын білім беру мекемелерінің ақпараттық орталығы десек, артық айтқандық емес. Кітапхана – біздің рухани құндылығымыз, теңдессіз байлығымыз. Замандардың өрнектеріндей тарихты да, әдебиетті де, басқа ғылым кереметтерін де содан табамыз.

Кітапхана – қашан да ғажайып қазына. Осы қазынадан нәр алып, оны бойына сіңіре білген жас ұрпақ Отанымыздың ертеңгі тірегі болмақ.

лар жиі өтеді. Оқушының кітапқа қызығушылығын ояту мақсатында заманауи әдіс-тәсілдерімен жұмыс жасау сыни және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқушылардың оқу мәдениеті, ақпаратпен жұмыс жасау дағды-

ларын дамыту, әлем мәдениеті мен ұлттық құндылықтарға деген құрметке тәрбиелеуде кітап көрмелері де өтеді. «Тәуелсіздік – тұғырым», «Қош келдің, өз – Наурыз» секілді шаралар, «Ұлы Жеңіс беттерінен», «Men және менің құқығым», «Абай және дәуір», «Тұңғыш үстіндегі өмір», «Рухы биік жандар» атты ақпарат сағаттары, «Соғып тұр батыр қыздың жүрегі әлі» танымдық сағат, «Өлең, мен сені аялап өтем...» поэзия сағаттары, түрлі танымдық-тарихи кештер, танымдық сағатты, кітапханалық сабақ ұйымдастырылады. Дүниежүзілік кітап күніне орай оқырмандардың сүйікті кітаптарының тұсаукесері «ВООК-ұнату», «ВООК-лақ» кітап көрмесінде ең көп оқылатын қызықты кітап анықталды.

Жаңа заман, компьютер дәуірі болғанымен, рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әрбір адамның келер шаңырағы – кітапхана. Мектеп кітапханасын білім беру мекемелерінің ақпараттық орталығы десек, артық айтқандық емес. Кітапхана – біздің рухани құндылығымыз, теңдессіз байлығымыз. Замандардың өрнектеріндей тарихты да, әдебиетті де, басқа ғылым кереметтерін де содан табамыз.

Кітапхана – қашан да ғажайып қазына. Осы қазынадан нәр алып, оны бойына сіңіре білген жас ұрпақ Отанымыздың ертеңгі тірегі болмақ.

Назира НАФТАЛОВА,
№2 мектеп-интернаттың кітапхана меңгерушісі



• «ОТБАСЫ ЖӘНЕ МЕКТЕП»

Диалогтан – серіктестікке

Отбасы мен мектептің бірлескен жұмысы – мектеп-интернат қызметіндегі күрделі әрі жауапты бағыттардың бірі. Оның мақсаты – баланың жеке басын дамыту үшін біртұтас тәрбие-білім беру ортасын құру, ата-аналарды білім беру мекемесінің оқу-тәрбие жұмысының мақсатты жүйесіне тарту.

«Отбасы және мектеп: диалогтан серіктестікке» жобасының негізгі идеясы – оқу-тәрбие және түзете-дамыту процесінде отбасының рөлін арттыру.

Мектеп пен отбасының ынтымақтастығын жүзеге асыруда педагогтер негізгі рөл атқарады. Педагогтердің ата-аналар қоғамдастығымен жұмыс істеу барысында ынтымақтастық негізінде отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі үшін жағдай жасау, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетін арттыру, ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне тарту маңызды.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды әлеуметтендірудің маңызды шарты – отбасының баланы оңалту мен түзетудің әлеуметтік процесіне саналы түрде қатысуы. Бала әлеуметтенудің алғашқы тәжірибесін отбасында алады.

Әлеуметтік бейімделудің сәтті болуы және баланың басқа адамдармен қарым-қатынас процесіне қосылуы, әрине, отбасының психологиялық климатына байланысты.

Жоба аясында мектеп-интернатта «Отбасы мен мектеп серіктестігі» атты ата-аналар форумы өтті. Форумның мақсаты – үйде оқыту үдерісіне қатысты өзекті мәселелерді талқылау үшін диалог алаңын құру. «Ойнап отырып дамымыз», «Сикырлы музыка әлемі», «Бочча», «Тәтті үйгіштер» атты түрлі бағыттағы алаңдар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, қазан айында арнайы



мектеп-интернаттардың, оңалту орталықтарының, психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеттерінің директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары үшін «Қарағанды облысының білім беру-ді дамыту оқу-әдістемелік орталығы» және академик Е. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қолдауымен «Отбасы және мектеп – тәрбиедегі серіктестер» атты облыстық практикалық форум өтті.

Форумның мақсаты – бала тәрбиесінің оң мәдениетін дамыту. Баланың мүддесі үшін мектеп пен отбасының бірлескен жұмысының оңтайлы түрлерін іздеуде педагогтердің тәжірибесін жинақтау және та-

қонақ бөлмелері, аспаздық шеберлік сыныбы, театрландырылған қойылым, тәрбиеленушілердің қатысуымен музыкалық концерт ұйымдастырылды. Алаңдардың жұмысына ата-аналар белсенді қатысты. Ата-аналар мен балалардың қатысуымен «Дені сау отбасы – салауатты болашақ», «Күзгі марафон – 2023» спорттық-сауықтыру іс-шаралар кешені өтіп тұрады.

Биылғы оқу жылының басында «Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдау» орталығы қызметінің аясында ата-аналар қоғамы өкілдерінің өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесімен бөлісуге бағытталған «Даналық мектебі» құрылды.

«Даналық мектебі» орталығының жұмысына әртүрлі бейіндегі мамандар қатысады. Педагог-психолог, логопедтер, дефектологтар, медицина қызметкері бар. Олар ата-аналардың әлеуметтік бейімделу, интеграция, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дамытудың жетілген мәселелеріндегі білімдерін кеңейтуге көмектеседі.

Мектеп-интернатта Қазақстан халықтарының отбасылық салт-дәстүрлерін жаңғыртатын «Әжелер клубы» мен «Әжелер клубы» құрылып, жұмыс істеуде. Білім беру мекемесі әр оқушының жеке дамуын қамтамасыз ететін әртүрлі ұйымдармен, мәдени және ойын-сауық орталықтарымен, спорт секцияларымен педагогикалық өзара іс-қимылдың тығыз байланысын қолдайды.

Жобаны іске асыруда біздің тұрақты әлеуметтік әріптестеріміз Е. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласы балалар мен жасөспірімдер сарайы, Облыстық мүгедектер спортына мамандандырылған мектеп, «Шахтер» футбол клубы, Қали Байжанов атындағы

концерттік бірлестік, «Сапенов» шахмат секциясы қатысады.

«Отбасы және мектеп: диалогтан – серіктестікке» жобасының ауқымы оны іске асыруға «Шахтинск қаласының Жастар ресурстық орталығы», global city сауда орталығы «Мен өзім» кәсіптер мектебі, «Ресурс» даму және түзету медициналық-әлеуметтік оңалту орталығы, «Хани» ЖК, «Швенк» ЖК, «Батыл жүрек» қоры сияқты жаңа серіктестермен бірлескен жұмыстар жүргізілуде.

Жобаны іске асыру барысында ата-ана, балалар мен педагогтердің нәтижелі бірлескен іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыруға, оқуда, шығармашылыққа және әлеуметтік өмірге өзін-өзі бейімделуіне табысты ықпал ететін оқу-тәрбие шағын ортасы айтарлықтай жақсарды және кеңейді.

Педагогикалық ұжым мектеп-интернат пен отбасының өзара іс-қимыл тәжірибесіне елеулі өзгерістер енгізеді. Бұл білім алушылардың білім беру сапасының барынша тиімділігіне қол жеткізуге, білім алушылар, ата-аналар мен педагогтер арасында жаңа ортақ мүдделер құруға мүмкіндік береді. Тығыз қарым-қатынас олардың арасындағы өзара түсіністікті нығайтады және оларды білім беру, түзете-дамыту процестерінде серіктес етеді.

Мектеп-интернаттың тәрбиеленушілердің отбасыларымен белсенді бірлескен қызметі ата-аналардың өз балаларының жетістіктеріне ғана емес, жалпы мектеп-интернатқа деген көзқарасын сапалы түрде өзгертеді. Бұл отбасылық жобаларды іске асырудағы бірлескен әрекеттердің нәтижесі.

Қарлыға НАУКЕНОВА,
«№2 арнайы мектеп-интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

• ТАНЫМ

Таптырмас тәлім мектебі

«Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын. Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр бола ма деп қорқамын...»

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ

Қазақ – басынан қандай нәубет өтсе де, қиын заман болса да, ұрпағына ұлағатты тәрбие бере алған халық. Ұлықты ұл, қылықты қыз тәрбиелеген. Ауылдың бір баласы тәрбиесіздік танытса, туған-туыс, бір рулы ел болып, қала берді бүкіл ауыл болып атсалысқан. Әсіресе, көпті көрген карт ата мен әженің тәрбиесі үлкен рөл атқарған.

Алайда, қазақ халқы ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрден ажырап бара жатыр. Қазақтың бесік жырын шетелдің даңғазға әуені алмастырса, ертегінің орнын телеарна мен компьютердегі ойындар, түрлі мультфильмдер алмастырды. Ал әженің орнын техника басты.

Дүниеге келген сәбиді көзін ашқаннан құшағына алып, бесік жырымен әділдеп, ес білгенде ертегі-жырларымен сусындататын әженің орны ойсырап, бейнесі көмескіленіп кетті. Көп қазақтың отбасында әже тәрбиесі деген ұғым өшіп, ұрпақ жалғасы үзіліп қалды.

Қазақта ата-әжесінің тәрбиесін көрген бала басқаша болады, айналасының да көзқарасы оған ерекше-туғын. Өйткені ауыл үлкендерінің жанында жүріп, олардың өнегелі әңгімесін тыңдап өскен баланың сана-сезімі басқалардан ерекше болып қалыптасады. Сондықтан әжелерді таптырмас тәрбие мектебі дейміз.

Бүгінгі таңда отбасы культін, аға ұрпақ өкілдеріне құндылық көзқарасты қалыптастырудың жолдары мен әдістерін іздейтү, олардың тәрбие ісіндегі белсенділігін арттыру өзекті мәселеге айналып отыр. Өкінішке орай, соңғы кездері ата-аналар өздерінің ата-әжесіне емес, балаларын тәрбиелеуді кәсіби медиктер мен күтушілерге сеніп тапсырып, басымдық беріп отыр. Соның салдарынан ұрпақтар алаштығы кеңейіп барды.

Айналып келгенде, әже тәрбиесінің негізінде ұлт тәрбиесі жатыр. Ендеше, сол ұлт тәрбиесінің бір кездегі тәрбиешісі – әжелер мектебін қалыптастырсақ, ара-

әжелер мектебі жобасына пилоттық мектептер қатарына еніп, сол бағыттағы жұмысын жандандыруда. «Ой-сана», «Халық дәстүрі – асыл қазына», «Шебер қолдар», «Қазақ – қонақжай халық» бағыттарында жүргізіліп жатқан іс-шаралардың барлығы тәрбиеленушілердің



шолақ ұл мен қыз жіптіктей болып, ұлт рухында жігерлі болып өсері сөзсіз. Тілдегі мүкістіктен, ойдағы бұлыңғырлықтан арылар еді. Өзгенің көлеңкесі болып қалу-дан құтылар еді.

Ұлттық тәрбиені білім беру үрдісіне ендіру бүгінгі таңда өзіндік ерекшеліктерімен айықталары анық. Бұл жолда біз ұлттық құндылықтарды, мәдениетті, тарих, дәстүрімізді бүгінгі күнмен сабақтастыра өзге халықтарға таныту олардың ғылыми мағынасын тереңдеті түседі.

Тәрбиеленушілерге қазақ халқының, сонымен қатар, Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін, ұлттық құндылықтарын сіңіруге, бала тәрбиесін халқымыздың ежелгі озық дәстүрлері негізінде жүргізу және оны бүгінгі заманның жетістіктерімен ұштастыру мақсатында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Гибрат»

ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіне ықпал етеді.

«Әжелер мектебі» жұмысының жоспары бойынша «Patchwork» технологиясын қолдану арқылы ұлттық құндылықтарды білім алушылардың бойына сіңіре отырып, ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «Қазыналы сыр сандық» атты тәрбиелік іс-шара өтті. Іс-шара барысында «Әжелер мектебі» мүшелері құрақ құрау әдісінің қыр-сырына тоқталып қана қоймай, қазақтың ырым-тыйым сөздері, даналық әңгімеге ұласты. Тәрбиелік іс-шараға мектептің ардагер ұстаздары, әжелер мен білім алушылардың аналары қатысты.

«Әжелер мектебінің жұмысы жан-жақты, әрі жүйелі түрде өткізіледі. «Ой-сана» бағытындағы жұмыстардың көбісі танымдық материалдармен қоса тәрбиеленушілердің ізденуін, көркем

әдебиеттермен танысуын қамтамасыз етеді. Осы орайда республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру міндеті орындалып, білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығы арта түседі. Мектеп-интернатының кітапхана меңгерушісі Назира Нафталованың тарапынан «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар бала» айдарымен Бук-слэм өткізіліп, қорытынды жасалды.

Мектеп-интернатында жүзеге асы-

– әжемін, ұрпағын әлділеген!» көрмелері ұйымдастырылды. Бұл іс-шара да тәрбиеленушілердің білік-дағдыларын дамыта отырып, қолданбалы – шығармашылық өнеріне баулудың бірден-бір жолы болып табылады.

«Әжелер мектебінің» құрамдас бөлігі болып табылатын «Аспаздық студиясы» білім алушылардың әлеуметтенуіне ерекше үлес қосса, «Әуен» ән-би студиясы музыка әуеніне елітеді, би өнеріне құмарын арттырады. Бұның барлығы баланың жан-дүниесінің әсем де әуезді болуына, сонымен қатар, баланың психо-эмоционалдық ахуалына оң әсер етуіне ықпал етеді.

«Әжелер мектебінің» жұмысының қорытындысы ретінде 2023 жылдың 20 мамыры күні Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен ата-аналарға арналған «Ұрпақтар сабақтастығы» атты отбасы фестиваліне қатысып, қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері бойынша шеберлік сағатын өткізіп, 2023 жылдың 7 желтоқсаны күні «Құндылыққа негізделген тәрбие мен білім» атты облыстық форумға қатысуын атап көрсетуге болады.

«Әжелер мектебінің» жұмысын ұйымдастыруда барлық іс-шараның басы-қасында жүріп, әртүрлі тақырыпта көрсетіліп жатқан көрмелердің бірден-бір авторлары атанып отырған технология және бейнелеу өнері пәні мұғалімдері К.Молдабаев, А.Нұрсейітов, А.Жүнісова, Б.Даткина сынды шебер ұстаздардың және А.Құсбекованың еңбегін атап өтуге болады.

Мектеп-интернатында жүзеге асырылып жатқан «Отбасы және мектеп: Диалогтан серіктестікке» атты әлеуметтік жобаны жүзеге асыру барысында ата-аналар қауымы белсенділік танытып, «Әжелер мектебінің» жұмысына ерекше ықпалмен араласуда. Қолынан іс келетін шебер әжелер тігін ісіне араласса, аспаздық қолынан келетін аналар «Аспаздық студиясының» қатысушылары, аналар мен әжелер ән айту мен би билеуден де бас тартпайды. «Әжелер мектебінің» белсенді мүшелері ардагер ұстаздар өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, балалардың санасына гибрат болатын құндылықтарға толы ақыл-парасаттарын аямайды.

Дарига БАЙЖИГИТОВА,
№2 мектеп-интернаты
тәрбиешісі

• ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР

Киіз басу – моторикаға көмек

Әр елдің рухани әлемі ең алдымен оның дәстүрлі өнерінен бастау алатыны, я.я. ол өнерді қалыптасып, өркендеуі халық өмірімен тығыз байланыста өрбiтiн тарихтан белгiлi. Қазақ халқы – ұлттық бай өнердiң лайықты мұрагерi десек, киiз басу – өзiндiк ерешелiкке бай қаймағы бұзылмаған қалыңда күнi бүгiнге дейiн жалғасын тауып келе жатқан өмiршең өнер. Халқымыз бағзы заманнан мал өнiмдерiн тұрмыс тiршiлiгiне кеңiнен пайдаланып, әр өнiрде қол өнерiнiң сан алуан үлгiсiн өрбiттi. Табиғатпен бiте қайнасқан халықтың қоршаған ортаның әсерiн талғампаздықпен қабылдап отырғанын ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп жеткен қолөнер туындыларынан көруге болады.

Осы ұлттық мұраны келер ұрпаққа насихаттау – бiрiншi ата-ананың, екiншi кезекте мектептің мiндетi. Осы мақсатты жүзеге асыруда «Шебер» сәндiк-қолданбалы өнер шеберлерiн қолдау орталығы облыстың бiлiм басқармасымен бiрлескен меморандум аясында киiз басу бойынша бiлiм алушылар арасында сабақтар ұйымдастырылды. Тәжiрiбелi шебер Сауле Касенованың жетекшiлiгiмен тәрбиеленушiлер жүнмен жұмыс iстеу технологиясын, өңдеу және киiз басу тәсiлдерiн меңгердi. Жұмыс барысында бiлiм алушылардың қолданбалы өнерге қызығушылықтары артып, шығу тарихын зерделедi. Киiз басу сабақтары тiрек-қимыл аппараты зақымдалған балалардың көркемдiк талғамын, ұсақ моторикасын, қимылдарын үйлестiрудi дамытады, сенсорлық қабылдауын, шығармашылық ойлау қабiлетiн қалыптастырады, ми қызметiн, сондай-ақ, қиял мен түйсiктi ынталандырады.

Балалардың қиялы бай. Оны дұрыс бағытқа бағыттау керек. Жүннен бұйымдар жасаумен айналысатын әрбiр бала өзiндiк қиялы, дүниетанымы бар шығармашыл, қайталанбас тұлға. Өз жұмыстарына жан-тәнiн сала отырып, балалар өздерiн таниды және ашыла түседi, қолөнер тiлiн түсiнудi үйренедi. Композиция заңдылықтарын, түс ерекшелiктерiн, киiз басу әдiстерi мен дәстүрлерi арқылы тарихты меңгередi.

Жүн – экологиялық таза өнiм. Киiз басу ұсақ моториканы дамытады, зейiн мен өзiн-өзi тәр-



биелеуге ықпал етедi. Сонымен қатар ойлау жүйесiн белсендi етiп, ауызша нұсқауларды орындау қабiлетiн жақсартады, дәлдiкке тәрбиелейдi, түпкiлiктi нәтижеге деген қызығушылықты арттырады. Өз еңбегiмен жасалған өнiммен ойнау, сыйлық жасау мүмкiндiгi балаларды қызықтырады. Брошьюлар, салпыншақтар, ертегi кейiпкерлерi, кәдесыйлар сияқты балалардың қолынан әртүрлi қолөнер туындылары дүниеге келедi. Жалпы айтқанда жiптiрдi бiр-бiрiнiң үстiне салу арқылы суреттi ғана емес, дымқыл және құрғақ киiз басуды да меңгеруге болады.

Киiз басу технологиясы «қарапайымнан – күрделiге» жүйесiне негiзделген.

Мектеп-интернатта киiз басу-

дан тақырыптық курстың қорытындысы бойынша оқушылардың қолынан шыққан киізден жасалған қолөнердің дәстүрлі мерекелік көрмесі ұйымдастырылды.

Көрмеге қатысушылар қолөнер бұйымдарын жасауға үлкен мән берді. Құттықтау сөзінде мектеп-интернат директоры Эльмира Амандықова көрмені ұйымдастырушыларға алғыс айтып, көрмелер дәстүрге айналатындығына сенім

билдірді.

Көрменің ашылуына «Шебер» сәндік-қолданбалы өнер шеберлерін қолдау орталығы қоғамдық бірлестігі директорының орынбасары, Қазақстан Республикасындағы World Beauty және Fashion House International жаһандық халықаралық жобасының бас директоры Татьяна Грибанова қатысты.

Осындай жобалар ерекше білім беруді қажет ететін балаларға айтарлықтай пайда әкеліп, жүректерін мейірімділік пен сүйіспеншілікке толтырады.

Айгүл АБДРАХМАНОВА,
№2 арнайы мектеп-интернаты директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

• ҮЙІРМЕ

Көлеңкелер театры

Көлеңке театры – осыдан 1500 жыл бұрын Азияда пайда болған визуалды өнер түрі. Бұл өнер шартты түрде көлеңке театры деп аталғаны болмаса, экранда ешқандай көлеңке болмайды, тек, жарық түсірілген экранның арғы жағынан қуыршақтардың сұлбасы көрініп тұрады. Экран жұқалтап болып келеді. Әдетте қуыршақтар түйенің, ешкінің жұқа терісінен, қағаздан, қатты немесе түрлі-түсті қағаздардан жасалады. Түрлі фигурадағы қуыршақтар бамбук, ағаш және металл таяқтармен қозғалады. Сондай-ақ, көлеңке театрында тек қуыршақтар ғана емес, актерлер қолының қимылы арқылы жасалған түрлі фигуралар, тіпті, актердің өзі де көрінуі мүмкін.

«Силуэт» көлеңке театры көркемдік-эстетикалық үйірмесі – №2 арнайы мектеп-интернатта жүзеге асырылып жатқан «Отбасы және мектеп: диалогтан – серіктестікке» атты әлеуметтік жобаның құрамдас бөлігі.

Театр жұмысы жетпіс адамзаттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік тұрғысынан дамуға ықпал етеді.

Көлеңке театры – театр өнерінің көне түрлерінің бірі. Бұл туралы алғашқы жазбалар біздің дәуірімізге дейін пайда болған. Балаларға арналған көлеңке театры өткен ғасырда театр сахнасында ертегілер бойынша балалар репертуары көрсетіле бастаған кезде пайда болды.

Тірек-қимыл аппараты зақымдалған балаларға арналған мектеп-интернаттыңдағы көлеңке

театры тәрбиешілер мен білім алушылар ұжымының күшімен ұйымдастырылған. Маңыздысы, көлеңке театрын ұйымдастыру үшін ең аз ресурстар: көлеңке, трафарет фигуралары, экран және жарқын жарық көзі қажет. Трафарет пішіндерін жасауға және құруға мектеп тәрбиеленушілері белсенді атсалысады.

Пішіндер экранда сырғып, жанданып, әңгімелесіп, жанжалдасып, достасады. Пішіндердің қозғалысына қарауды балалар қатты ұнатады.

Көлеңке театры ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мәселесін дұрыс, кедергісіз шешуге мүмкіндік береді. Олардағы қарым-қатынас тапшылығын жояды. Театр қызметі арқылы тәрбиеленушілер өз бойларында эстетикалық, коммуникативті,

психофизикалық және басқа да маңызды дағдыларды қалыптастырады және дамытады. Баланың жеке басын қалыптастыруда театрдың рөлі зор. Ол үлкен қуаныш сыйлайды, ерекшелігімен балалардың назарын аударды және жан-жақты дамытады. Театрда көрген, бастан кешкен оқиғалар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, әңгімеге араласуын талап ететін орта жасайды, мұның бәрі шығармашылық тұлғаның дамуына, диалог жүргізіп, алған әсерін монолог арқылы жеткізе білуге ықпал етеді. Шығармашылықты, қиялды, ойлауды, есте сақтауды, сөйлеуді дамытуға әсер етеді, кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін кеңейтуге және қолдың ұсақ моторикасын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, көлеңке театры балалардағы қараңғылық қорқынышының алдын алады.

Театрдың тәрбиелік рөлін де атап өту маңызды. Қойылымдардың сюжеттік-бейнелі тұжырымдамасы арқылы балалар достық, адалдық, еңбек пен мейірімділікке үйренеді. Бойларында туған жерге, оның салт-дәстүріне деген сүйіспеншіліктері артып, мінез-құлық, қызығушылық, сыртқы және ішкі әлемге дұрыс көзқарас қалыптасады.

Елена ЕГОРОВА,
№2 арнайы мектеп-интернатының тәрбиешісі



• ВАЙНАХТАР ҚАСІРЕТІНЕ – 80 ЖЫЛ

Ортақ тарихқа айналған тағдыр

Өткен ғасырдың 40 жылдарындағы Кеңес Одағы халықтарының депортациясы – кеңестік кезең тарихының қасіретті жылдарының бірі. Шежіресі сексен жылдық бұл оқиғаның өзегінде кешегі Ұлы Отан соғысының зардабы тұр. Тарихтан білетініміздей тұтас бір халықты зобаланға салған КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1944 жылдың 31 қаңтарында қабылданған №5073 Қаулысы еді.

Осы құжаттың пәрменімен Шешен-Ингуш АССР-і таратылып, оның тұрғындары Қазақстан мен Орта Азияға жер аударылады. 1944 жылдың 23 ақпаны түнгі сағат 2:00-де тарихта «Чечевица» операциясы атауымен қалған жер аудару басталады. Деректерге жүгінсек, алғашқы тәуліктің өзінде-ақ шешен-ингуш ауылдарынан күштеп жиналған 333 739 адамның 176 950-ін эшелондарға тиіп, шұғыл түрде Қазақстанға аттандырған. Сол ақпан айында Кавказдан 493 269 адам тиелген 180 эшелон Қазақстан мен Орта Азияға жөнелтіледі. Жол бойы 56 адам дүниеге келіп, 1272 адам қайтыс болған.

1944 жылы Шешен-Ингуш АССР-інен көшірілген 496 мың адамның 411 мыңы немесе 85 мың отбасы Қазақ ССР-іне қоныстандырылған. 1953 жылғы дерек бойынша Қарағанды облысына 38 699 шешен, 5 226 ингуш ұлты орнығады.

Жалпы сексен жылдық қасіретті тарихтың қара табы Долындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау музейінде жеткілікті. Музей директоры Светлана Байнованың айтуынша, бұл жерде 6 мыңдай экспонат бар, олардың 2 мыңнан астамы – ҚарЛаг уақытының жәдігерлері. Музейдің негізгі қорына жататын аса бай және әртүрлі материалдар көп жиналған. Жыл сайын осынау қаралы дата қарсаңында



Сурет ашық дерекөзінен

шешен-ингуш ұлтының өкілдері музейге арнайы келіп, кешегі тарихтың қасіретті беттерін тағы бір мәрте парактап, сол заманғы саяси ойынның жазықсыз құрбандарын еске алады.

Мәселен, 1944 жылдың наурызында жүк вагонына тиелген вайнахтарды алыстағы қазақ ауылына алып келгенде, сол ағаш вагонның бір жолаушысы Сулим қажы Исакіев бес жаста екен. Ал Қарағанды облысының «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени бірлестігінің төрағасы Увайс Джанаев пен Шахтинск қаласы-

ның тұрғыны Хамзат Муступаев – кейінгі буын өкілдері. Көпшілік басқосуларда, жастар ортасында кешегі қиын-қыстау кездегі қазақ халқының қамқорлығын, тағдыршешті сәтте шыңдалған достықтың маңыздылығын әрдайым

қалпынан таймаған қазақ халқына алғыс айтамыз. Жер аударылған аталарымыздан өрбіген ұрпақ – бүгінгі Қазақстанның азаматтары. Оның құндылығын сақтап, мүддесін қорғаймыз. Сол заманда тұтас халықтарды аман алып

айтып отырады.

– Біз – солардың ұрпағымыз, – дейді Увайс Джанаев. – Оларды тұтан жерінен, Отанынан бір-ақ сөтте айырды. Айналырған 1-2 аптаның ішінде 1,5 млн. адамды жер аударып жіберді. Жеткенше соның жартысы суық пен аштықтан қырылып қалған. Біздің аталарымыз қайда бара жатқанын да білген жоқ. Суық болғандықтан, Сібір деп ойлаған. Бірақ, қазақ халқының қамқорлығы мен көмегінің арқасында аман қалды. Қасіретті жылдар болса да, адамгершілік танытып, адами

қалған қазақ халқының ролін ерекше айтып отырамыз.

Бүгінде облыс аймағында 10 мыңға жуық шешен, ингуш өмір сүріп жатыр. Олар ортақ болашағымызды біріккен байланыстырады. Сол бірлікті бекем ету үшін «өткенге тағзым – болашаққа тағлым» ұстанымын ұмытпағанымыз абзал.

Әшімхан ЖӘМПЕЙІСОВ,
Қарағанды облысы
ҚХА жанындағы
Журналистер мен сарапшылар
клубының төрағасы

Еске алу

Әулетіміздің тірегі, асқар тау әкеміз туралы өткен шақпен сөйлеу өте қиын екен.

Шанырағымыздың ақылшы-қамқоршысы, төріміздің сәні мәңгілікке кете барғанына әлі де сене алар емеспіз. Алланың жазуына ешкім қарсы келе алмайды. Әкеміз бір үйдің баласынан елдің азаматына айналды. Алыс жылдан астам еңбек жолын ұстаздыққа арнаған жан.

Оқу-білім саласының үздік қызметкері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған әкеміз Төлеген Жұмашұлы Арқоновтың фәниден бақилыққа аттанғанына бір жыл толып, асыл бейнесі сағынышка айналды. Көңілдегі қимастық сезім жүрегімізді әлі сыздатып жүр. Білімді ұстаз, білікті басшы, шебер ұйымдастырушы болғаны, ақыл парасаттылығымен ерекшеленетіні бәрімізге мәлім. Балалары мен немерелеріне үнемі ақыл-өсиетін айтып отыратын.

Әкеміз ағайын туыстары мен дос-жолдастарының жан дүниесін айтпай сезді. Әрқашанда қол ұшын созып, көмегін аямапты. Жолдастары «Ел үшін туған азамат!» деп бекер айтпаған.

Ендігі уақытта қолымыздан келетіні Сізге Құран оқытып, дұға тілеу. Бақұл болыңыз, асыл әке! Жатқан жеріңіз жарық, топырағыңыз торқа болсын! Алланың шапағатына бөленіп, мәңгілік мекенің жұмақ әлемі болсын, аяулы әкешім!

Асыл бейнең санамызда жаңғырып,
Есіміңді айтамыз біз ән қылып.
Жаратушым панасында жарылап,
Пейіш бақтан орын берсін мәңгілік!

Сағына еске алушылар: **жұбайы, балалары мен немерелері**
№66



• ӨЗЕКТІ

Кесел қайдан келді?

Қыс қаһары Қамбар ата төлін тұқыртып тастады. Қулықтың кенже туған құлындары қалжырап, қала берді биелердің жатырына мұз түсіп, құлын тастап жатыр. Бұл аздай Бұқар жырау ауданының Төрткөл ауылында жылқы індеті шығып, жұртшылықты әбгерге салады. Тұрғындардың айтуынша, мұндай ауру қазақы жылқыда бұрын-соңды болмаған.



Қолжазба жасаған Айбек Рақышевтің

аурудың диагнозы анықталды. Бұл «лимфангит» ауруы деп анық айта аламыз. Негізгі өткен жылдың мамыр айында Үміткер ауылында дәл осындай диагнозбен жылқы ауруы тіркелген-ді. Төбіні

БАҚ пен әлеуметтік желілерде 2024 жылғы 15 қаңтарында Е.Бекетовтың «Ержан» ШҚ-дағы екі бас жылқыда «эпизоотиялық лимфангиттің» клиникалық белгілері байқалғаны туралы ақпарат жарияланды. 16 қаңтарда екі жылқыдан сынама алынып, Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетіне қарасты Республикалық ветеринариялық зертхананың Қарағанды облыстық филиалына жеткізілген. Зертхананың талдау нәтижесі теріс болып шыққан көрінеді. Кейін белгілі болғандай әлгі тексеріліп, теріс нәтижелі болған, яғни, «сау» деп тіркелген қос жылқының ауруы расталды.

– Қазақ мал ауруын, оның ішінде, жылқы ауруларын ерекше білген. Бірақ, дәл мынандай ауру болмаған. Бұл ауру – суықтан, немесе басқалай кінәраттан емес, тікелей қаннан келер кесел. Қазір «мал асылдандырамын» деп шетелден қаны асыл айғыр әкеп жатқан ағайын аз емес. Оның ішінде, көкпар, байге, қала берді «қазылы тұқым өсірем» деп тыраштанғандар қаншама. Ал, шетелден мал әкеушілердің көбісі Қазақстанға тексерусіз өтеді. Олардың құжаттары да кейде талапқа сай болмайды. Бұл – шетелдік жылқыларда көптеп кездесетін ауру. Көп жағдайда бұл ауруға ем қонбайды. Сондықтан, мұны тек ауру малдың көзін жою, не оқшаулау арқылы ғана жеңуге болады, – дейді мал дәрігері Бауыржан Садыханов.

Десек те, қазіргі таңда жағдай толық бақылауға алынып, ел алаңы сейілгендей. Қарағанды облыстық аумақтық ветеринария инспекциясының басшысы Ержан Бекетбаевтың сөзінше, ауру тіркелген ауылдарда АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Республикалық эпизоотияға қарсы отряды тарапынан әр он бес күн сайын дезинфекциялау жұмыстары жүргізіледі. Әр бес күн сайын жылқы үйірлеріне клиникалық тексеріс жүргізіледі. Қора-жайларды әбден тазалап, дезинфекция толығымен жүргізілген соң, шамамен үш айдан соң карантин алынады. Ал, шығынға ұшыраған шаруа қожалықтарға өтемақы төленеді. Оның ішінде, Үміткер мен Төрткөл ауылдары да бар.

расан, құтыру, вирустық диарея, инфекциялық ринотрахеит, туберкулез, бруцеллез, күйдіргі, құстардың ньюкаслы бойынша 22 қолайсыз ошақ тіркелген. Одан әрі таралуына жол бермеу үшін карантин шаралары уақытша енгізілді. Оның 17 ошағы сауықтырылды, 5-іне тиісті шаралар жасалуда, – деген болатын облыстық ветеринария басқармасының басшысы Қайырбек Тұрсынбеков.

Ал, бұл жолы ауру жиырма күн мінбісе де, жалын бермес жылқыдан шыққаны елді алаңға салды. Аурудың ем-домы түгелі оның қайдан, қалай жеткенін де білмей қалды. Сәйкесінше, республикалық бюджеттен өтемақы төленіп, аталған елді мекендегі 185 ауру жылқы жойылған.

бір қос ауылдың жылқысы қатар жатады. Солардан жұққан-ау шамасы. Былтыр сол ауылда «лимфангит» індеті расталып, ауыл тұрғындарына өтемақы төленді, – дейді жергілікті шаруа қожалық иесі Мәдениет Жұмаділда.

Расында, бұған дейін биологиялық зертхана қорытындылары ауруды жоққа шығарған еді. Сол уақытта Ауыл шаруашылығы министрлігі – Үміткер ауылында 2023 жылғы мамырдан бастап, жылқылардың «эпизоотиялық лимфангиті» бойынша карантин енгізілгенін алға тартады. Сәйкесінше, республикалық бюджеттен өтемақы төленіп, аталған елді мекендегі 185 ауру жылқы жойылған.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Адал ақы малының арам қырылғанына қынжылған жұртшылықтың шағымы шартарапқа жетті. Сәйкесінше, ветеринария мамандары бірнеше қайтара сынама алғаннан соң аурудың «лимфангит» екенін анықтады. Яғни, қарапайым қазақы атауы жоқ аурудың негізгі көрінісі жылқының аяғы ісіп, көп мөлшерде ірің ағуы. Бұл малдың тез арып, уақытында көмек көрсетпесе, асқынып, арам өлуіне әкеп соғады.

– Былтыр облыс аумағында аса қауіпті аурулардың 9 түрі, қа-

• ДЕНСАУЛЫҚ

Туберкулездің емі бар

Ертеңнен елде туберкулездің алдын алуға байланысты айлық басталады. Бұл жыл сайын 24 наурыз – Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күніне орай ұйымдастырылады. Биыл айлық «Иә! Біз туберкулезді жеңе аламыз!» ұранымен өтеді.

Бір ай бойы мамандар бұл аурудың медициналық, әлеуметтік және экономикалық салдарына жұртшылықтың назарын аударуға бағытталған шаралар ұйымдастырады. Туберкулездің үйымдастырушы әлемдегі ең қауіпті жұқпалы инфекция. Әлемде науқастар барлық жұқпалы және паразиттік ауруларға қарағанда туберкулезден көбірек қайтыс болады.

Бүгінде туберкулез эпидемиясы жаһандық сипатта. Бірде-бір ел туберкулез проблемасын елеусіз қалдыра алмайды. Себебі, ол халықтың денсаулығына, экономикаға, қоғамның дамуына қауіп төндірді. ДДҰ мәліметтері бойынша күн сайын дүниежүзінде туберкулезден 4 мыңнан астам адам қайтыс болады және 27 мың адам ауырады. 2000-2020 жылдар аралығында туберкулезді емдеу бүкіл әлем бойынша 60 миллионнан астам адамның өмірін сақтап қалуға көмектесті. Туберкулез халық санының өсуіне, АИТВ инфекциясының таралуына және туберкулезге қарсы күрес бағдарламалардың тиімсіздігіне байланысты күрделеніп түсіп, туберкулездің химиялық төзімді түрлерінің пайда болуына әкеледі. Туберкулезбен

сырқаттанушылық пен ондағы өлім-жітімнің өсуі көбінесе бақылау шараларын дұрыс ұйымдастырмау және ауруды елеулі салдарынан. Сол себепті, жыл сайын айлық өткізіліп, туберкулезді иммунопрофилактикасы жайлы халықты хабардар ету жұмыстары қолға алынған. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек дәрігерлерінің ерте диагностикалауы, профилактикалық іс-шараларды және туберкулездің алғашқы белгілері туралы халықтың ақпараттануы, медициналық көмекке уақытылы жүгін, емдеудің тиімділігін арттыру маңызды.

Айлық аясында облыстың барлық емдеу мекемелерінде туберкулездің алдын алу бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын кеңінен жүргізу жоспарланған. Бұдан басқа, Бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулысымен белгіленген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, халыққа профилактикалық тексеру жүргізу үшін жылжымалы флюорографиялық қондырғылардың жұмысы ұйымдастырылады.

Гүлжан БАЙГУТАНОВА,
облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары



Электрондық
пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru

ТАҒЫМ

Ардагерлер ардақталды

Приозерск қаласының «Достық» балалар-жасөспірімдер орталығында ауған соғысына қатысушыларына арналған «Ауған соғысының ардагерлері мәңгі есте» тақырыбында мерекелік шара өткізілді. Қаза болған жауынгерлер бір минут үнсіздікпен еске алынды.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Приозерск қаласының мәслихат төрағасы Алтай Исатаев жүрекжарды лебізін жеткізді.



– Әскери антына берік болып, Отан алдындағы борышты абыроймен орындау азаматтар үшін асыл парыз. Мыңдаған жас азамат жат елде жан тапсырып, талай қандастарымыз жарақатпен оралды. Ауғанстан – жүректегі жазылмас жара болып қалды. Отан алдындағы борышын адал орындаған, жауынгерлердің патриоттық сезімі мен ерлігі жас ұрпақтың бойына сіңіріп, үлгі етуі тиіс. Әр азаматтың парызы – Отанын сүйе білу, қорғау, еліміздің гүлденіп, дамуы үшін адал еңбек ету. Бүгінгі жауынгерлер соғыста ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсеткен жандар, – деді Алтай Исатаев.

Сонымен қатар, ардагерлерге сыйлық «Кенес әскерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 35 жыл» медалін табыстады. Шара соңында жиналған көпшілік дәстүр бойынша гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. Ауғанстан соғысының ардагерлері Б.Ақмұрзаев, К.Викторович сөз сөйлеп, қан көйлек достарын еске алды. ПРИОЗЕРСК

Көрермен көзайымы



(Соңы. Басы 1-бетте).

Жыл сайын өткізілетін «Фильм! Фильм! Фильм!» балалар шығармашылығының кезекті фестивалі керемет көңіл күй мен әдемі эсерлердің отпашуына айналды. Фестивальдің «Менің досым – кинематограф» тақырыбын қатысушылар барынша аша түсті. Балалар танымал фильмдерден вокалдык шығармалар мен монологтарды шебер орындады. Фестивальға қатысушылар мен олардың жанкүйерлері толып отырған зал кезекті қойылымды ыстық ықыласпен қабылдап, қолдау көрсетті. Фестиваль аясында жас суретшілер салған жұмыстардың көрмесі ұйымдастырылып, келушілер қызыға тамашалады. Фестивальге барлығы 150-ден астам оқушы қатысса, олардың ерқайсысы диплом мен естелік сыйлықтарға ие болды.

Қалыптасқан дәстүр бойынша кинотеатрда «Кино және достарымыздың шығармашылығы» циклы бойынша шаралар өтеді. Румын халқы мәдениетінің «Мэршипор-2023» фестивалі керемет көңіл күйдің мерекесі болды. Поляк киносының «Виела» фестивалі де мазмұнды бағдарламаға құрылып, танымдық дәрежеде өткізіліп тұрады.

Көрнекті мүсінші Анатолий Билықтың 95 жылдығына орай оның шығармашылығы мен өмірі жайлы деректі фильм мен интерактивті көрме ұйымда-

стырылды. Тамаша суретші, жерлесіміз Мыңғыш Әбілқасовтың туғанына 80 жыл толуына байланысты Бейнелеу өнері музейінің қорындағы картиналардан көрме қойылды. Мұражай қорындағы тақырыптық суреттер жиынтығы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған көрме жасақтауға пайдаланылды.

Кинотеатр көрермендеріне жаңа бейнебаяндарын ұсынған танымал әнші жерлесіміз Ұланғасыр Қамиді қарағандылық жастар мен аға буын өкілдері қошеметпен қарсы алып, бірге ән шырқаған демалыс кеші ұйымдастырылды.

Жазғы демалыста «KINOLAND» жобасы аясында балалар аудиториясымен бірқатар іс-шаралар өткізілді. Мектеп лагерлерінің балалары жарыстарға, викториналарға қатысып, анимациялық фильмдерді тамашалады.

Наурыз мейрамы алуан дизайнерлік сыйлықтармен және қызықты мерекеге ұласты. Аз қамтылған отбасылардың балалары сайыстарға, түрлі ойындарға және интерактивті концерттік бағдарламаға қатысты.

Әр жылдың соңында жаңа жылдық мерекелер аясында үлкен ойын-сауық және концерттік бағдарлама өткізіледі. Дәстүр бойынша бұндай шараларға балалар үйінің тәрбиеленушілері шақырылады. Балалар ертегі кейіпкерлерімен танысып, анимациялық фильмдерді тамашалап, жаңа

жылдық сыйлықтар алды.

Кинотеатр «Барлығына арналған өнер» қалалық жобасын насихаттауға, қазақ тілінде фильмдер көрсетуге белсене атсалысатын бірден-бір демалыс орны.

Кинотеатр қызметкерлерінің облысымыздың ауылдары мен қалаларына барып, фильмдерді тегін көрсету жұмыстарын белсенді жалғастырып келе жатқанын көпшілік жақсы біледі. Мәселен, бір жылда 3 мыңға тарта сеанс қойылған болса, соның 112-сі ауылдық жерлердегі көрсетілім. Сонымен қатар, ерекше қажеттіліктері бар жандар мен балалар үйлерінің, мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері мен қарттар үйлеріндегі қарттарға қайырымдылық шаралары ұйымдастырылады.

Кинотеатрдың көрме залында живопись, қолданбалы өнер көрмелері, тарихи-өлкетану мұражайының жәдігерлері, кітап және иллюстрациялық көрмелер тұрақты түрде өткізіледі.

Қорыта айтқанда, «Сарыжайлау» кинотеатры көрерменге қызмет ету, көпшілікпен жұмыс істеу, олардың демалысын қызықты да, мағыналы етіп ұйымдастырудағы негізгі принциптерінен ешқашан айнымайды.

Саят ӘБДІҒАЛИ,
«Сарыжайлау»
кинотеатрының директоры
Суреттер «Сарыжайлау»
кинотеатрынан

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Төрт алтын, екі қола

Жерлестеріміз, қарағандылық жеңіл атлеттер Азия чемпионатында төрт алтын және екі қола жүлдеге ие болып, ел мерейін тасытты. Бұл – Арқа жұртына ортақ қуаныш.

Атап айтсақ, Давид Ефремов кедергілермен 60 метрге жүгіруде, қашықтықты 7.60 секундта жүріп өтіп, жарыстың жеңімпазы болса, оның жұбайы Мария Ефремова үшінші орынға табан тіреді.

Жарыстың үшінші күні жерлестеріміз Анна Шумило, Вячеслав Земс және Аделина Земс 4x400 метрлік эстафеталық жарыста үш алтын медальға ие болды. Ал, бессайыста қарағандылық Алина Чистякова қоржынға қола салды.

Қазақстан құрамасы барлығы 12 медальмен 28 елдің ішінде жалпыкомандалық есепте үшінші орын биігінен көрінді.



ХОККЕЙ

Екі ойыншымен толықты

«Сарыарқа» хоккей клубы шабуылшы Евгений Лызин және қорғаушы Виталий Шульгамен келісімшарт жасасты. Бұл жөнінде клубтың баспасөз қызметі мәлімдеді.

Аталған ойыншылар биылғы маусымды Петропавлдағы «Құлағерде» бастаған. Евгений Лызин негізгі маусымда 46 матч өткізіп, 25 (10+15) ұпай жинады. Виталий Шульганың қоржынында 12 (6+6) ұпай бар.

Клубтың сапына қосылған жаңа ойыншылардың алдағы жауапты ойындарда үздік ойын көрсетеріне үміт зор.

ҚЫСҚЫ СПОРТ

Шаңғышыларды шақырады

Қарағандыдағы орталық саябақта 24 ақпан күні шаңғыдан жарыс өтеді. Спорт мерекесі кеншілер шаһарының 90 жылдық мерейтойына арналған.

Ұйымдастырушылар ауқымды спорт шарасына қатысуға ниетті және саламатты өмір салтын сүйетін барлық қала тұрғындары мен қонақтарын шақырып отыр.

Нақтырақ айтсақ, шаңғы жарысына 10 жастағы оқушылардан бастап, ардагерлерге дейін барлық жастағылар қатыса алады. Жарыс көлдің жағасындағы орталық алаңнан сағат 10:00-де басталмақ.

20 ЖЫЛ ҚАРАҒАНДЫҒА

24 АҚПАН 10:00 ҚАРАҒАНДЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ САЯБАғыНДА

ШАҢҒЫ ЖАРЫСЫ
БАРЛЫҒЫ ШАҚЫРЫЛАДЫ – 10 ЖАСТАН БАСТАП ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ДЕЙІН!

ӨТІНІМДЕР
22 АҚПАН КҮНІ
САҒАТ 13.00-ГЕ ДЕЙІН
WINTERSPORT_KZ@MAIL.RU
WHATSAPP 87014990040

МӨРЕ КӨЛ ЖАҒАСЫНДА (ОРТАЛЫҚ АЛАҢ ЖАҒЫНДАҒЫ).
24 АҚПАН 2024
САҒАТ 10.00-ДЕ

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»
Суреттер ашық дереккөзден

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Тағы бір футбол лигасы құрылды

Қарағандыда шағын футбол мен футбол қарыштап дамып келеді. Жыл сайын әуесқойлар лигасының артуы – осы сөзімізге дәлел. Ақпан айының ортасында «Аманат арена» спорт кешенінде «Қарағанды медиа футбол лигасы» құрылды. Бұл лигада тек өнерпаздар ғана доп тебеді. Ақындар, журналистер, асабалар, әзілкештер, әншілер, әртістер, тағысын тағы...

Ұйымдастырушысы – Бегім Хантөре. Бір кезеңде «Жайдарман» әзілкештер байқауында жарқыраған талант иесі. Бүгінде кенді шаһардағы өнерпаздардың басын футболда қосып отыр.

– Сахнада, тойда танысқан және жақсы араласып кеткен өнерпаз достарым өте көп. Көбі өнерден бөлек, спортқа да бейім. Кәсіби футболшылардан кем ойнамайды деп сеніммен айта аламын. Міне, солардың басын қосып, медиа лиганы құрдық. Басты мақсат – саламатты өмір салтын насихаттау, алаңда бас қосып, достығымызды нығайту. Шығармашылықта жүрген адамдар осында келіп сергіп қайтады. Жанкүйер болып отырып, түрлі эмоциялардың куәсі боласыз. Ойыншылар арасында кикілжіңнің болмауын қатты қадағалаймыз. Төрешілердің барлығы кәсіби деңгейде. Күмәнді сәттерде олар VAR, яғни, бейнекайтаулау жүйесіне жүгіне алады. Одан бөлек, комментаторлардың ойындарды жүргізіп отыруы да – ойыншылар үшін қызықты деп ойлаймын. Комментаторлар бөтен адамдар емес. Олар да – өнерде жүрген азаматтар. Алаңдағылардың бәрін таниды. Келесікте деңгейіміз бұдан да жоғары болады деп сенемін, – деді Бегім Хантөре.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі де өте өзекті. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек. Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық спортты дамыту – пирамидаға айналуы қажет. Оның басына чемпиондар шықса, оның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз» деген еді.

Газетіміздің алдыңғы сандарында шаһардағы футбол лигаларын түгендеп, ауқымын сипаттаған едік. Солардың барлығын қосып есептегенде, бір ғана футболмен 10 мыңға жуық қарағандылық айналысатынын аңдадық.

Сурет автордан

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды өзінің спорттық аймақ екенін дәлелдегелі қашан. Әсіресе, футболдың өрісі кеңіген. Мәселен, Қарағандыдағы «KLLF» деп аталатын лигада 180-нен астам команда бар. Бұл – төрт мыңға жуық адамды қамтыған Қазақстандағы ең ауқымды лига екенін атап өткен жөн. Одан бөлек, «Dostyq league» деген шағын футбол лигасы уақыт өткен сайын ауқымын кеңейтіп келеді. Мұнда қазір шамамен 200-ге жуық адам доп теуіп жүр. Бұлардың қатарына кеше ғана «Қарағанды медиа футбол лигасы» қосылды. Бұл доп додасы талап, ережелерді қатаң сақтайды. Мәселен, қандай да бір команданың сапына қосылу үшін өзіңіздің өнер өкілі екеніңізді дәлелдеуіңіз шарт. Мәдениет саласында қызмет атқаратыныңызды растайтын құжатты тапсырасыз ба, әлеуметтік желідегі парақшаңызды көрсетесіз бе, ұйымдастырушылардың көзін жеткізудің бірнеше амалы бар. Мұнда журналистер де қосыла алады. Қаламгерлер де, айтыскерлер де осында.

Әр ойынды тікелей эфирден тамашалай аласыз. Кәсіби операторлар қажетті жабдықтармен қамтылған. Тіпті, өнерпаздар арасынан сайланған комментаторлар да бар. Ойын барысындағы сәттерді өзінше бағалап, эмоцияларға әр беріп отырады. Командалардың ойынын ғаламтордан қайталап та көресіз.

ҚАРАҒАНДЫ МЕДИА ФУТБОЛ ЛИГАСЫ

АМАНАТ АРЕНА

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 5 457

№ 22 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**